Sağlık turizmi acenteleri, müşterilerine çeşitli sağlık hizmetleri sunan ve bu hizmetlerin organizasyonunu ve koordinasyonunu üstlenen özel sektör kuruluşlarıdır. Bu acenteler, genellikle sağlık turizmi sektöründeki uzmanlık ve deneyimleri ile sundukları sağlık turizmi hizmet paketleri; hava ve kara taşımacılığını, seyahat vizelerini, otel konaklamalarını, varış ülkesindeki yerel bir şirket temsilcisinden yardım almayı, tıbbi kayıtların tedaviyi yapan doktorlara aktarılmasını ve sağlık turistlerinin satın almaya karar verdiği tıbbi prosedürler için müzakere edilen fiyatları içerir(Turner, n.d.).

3.1. SAĞLIK TURİZMİ SEYAHAT ACENTELERİNİN HİZMETLERİ

Bu acenteler, sağlık turistlerinin sağlık hizmetlerine uluslararası düzeyde erişimini kolaylaştırmak, seyahat süreçlerini düzenlemek ve sağlık turizmi deneyimini iyileştirmek amacıyla seyahat sırasında tedavi veya sağlıklı yaşam hizmetleri arayan kişilere hitap eden hizmetler sunmaktadır. Bu ajanslar, tedavi hizmetlerinin özel ihtiyaçlarını karşılamak için sağlık hizmetleri, seyahat şekilleri ve konaklama noktaları ile ilgili çeşitlilikleri sunarlar(Polo Peña et al., 2023) (Poongodi, P, 2020).Bu hizmetlerden en sık olanlar;

- **Tıbbi Tedavi ve Cerrahi İşlemler:**

Sağlık turizmi acenteleri, müşterilerine tıbbi tedavi ve cerrahi işlemler konusunda rehberlik yaparlar. Hastaların ihtiyaçlarına uygun olan sağlık tesisleri ve uzman doktorlar arasında seçim yapmalarına yardımcı olurlar.

- **Estetik Cerrahi ve Güzellik Turizmi:**

Estetik cerrahi ve güzellik turizmi, sağlık turizmi acentelerinin sunduğu hizmetler arasında yer alır. Plastik cerrahi, estetik dermatoloji, saç ekimi ve benzeri alanlarda hizmet sunan sağlık tesisleri ile müşteri arasında köprü kurarlar.

- **Diş Tedavisi:**

Diş turizmi, yani diş tedavisi için seyahat, sağlık turizmi acentelerinin organizasyonunda önemli bir yer tutar. Acenteler, müşterilerine diş tedavisi konusunda uzman sağlık tesislerini önerir ve bu süreçte lojistik destek sağlarlar.

- **Termal Turizm:**

Sağlık turizmi acenteleri, termal turizm alanında hizmet veren sağlık tesisleri ile müşterilerini buluşturur. Termal suların sağlık üzerindeki olumlu etkilerinden faydalanmak isteyen müşterilere destek sağlarlar.

- **Wellness ve Spa:**

Sağlık turizmi acenteleri, müşterilerine wellness ve spa hizmetleri konusunda önerilerde bulunur.

Kaliteli sağlık hizmetlerine erişim, özel tedaviler ve tedavi sonrası bakım gibi tıbbi turistlerin özel gereksinimlerinin karşılanmasını sağlayarak bu sağlık turizmi hizmetlerinin teşvik edilmesinde ve hizmete erişimin kolaylaştırılmasında kilit rol oynarlar

3.2. SAĞLIK TURİZMİ SEYAHAT ACENTELERİNİN ROL VE SORUMLULUKLARI

Tüm dünyada ekonomik büyüklüğü 200 milyar doları aşan birçok paydaşı olan etki derecesi büyük bir pazardır. Bu pazarda, sağlık ve turizm sektörlerini entegre eden ve sektörel lojistiği sağlayan işletmeler ise sağlık turizmi aracı kuruluşları olarak seyahat acenteleridir(Aladağ Bayrak et al., n.d.).

Sağlık turistlerini hedefleyen pazarlama stratejileri, genellikle özelleştirilmiş web siteleri ve sosyal medya platformları aracılığıyla iletilen maliyetler, bakım kalitesi ve tıbbi nitelikler gibi hususlara odaklanarak sağlık hizmeti almak isteyen sağlık turistlerine ilk ulaşan paydaştır.

Sağlık turizmi seyahat acenteleri, hastaların sağlık hizmetlerine uluslararası düzeyde erişimini kolaylaştırarak, seyahatleri sırasında güvenli ve konforlu bir deneyim sunmak amacıyla çok yönlü bir hizmet yelpazesi sunarlar.

Bu hizmetleri sunarken üstlendikleri roller şunlardır;

- **Hasta Rehberliği ve Danışmanlık:** Sağlık turizmi seyahat acenteleri, sağlık ve seyahat konularında uzmanlık geliştirmiş profesyonellerden oluşur. Bu acenteler, hastaların ihtiyaçlarına uygun sağlık tesislerini ve doktorları seçerken uzman görüşlerini sunarlar.

Sağlık turizmi seyahat acenteleri, performansı artırmak, kişisel riskleri azaltmak, bilgi toplamak ve kaçırılan fırsatlardan kaçınmak için güvenilir sağlık kuruluşu ortaklarından oluşan ağlarını genişleterek(Lin, 2014),güvenilir yapı içinde vize işlemleri, konaklama düzenlemeleri ve ulaşım gibi seyahat detaylarına da hâkim olarak hastaların endişelerini en aza indirecek diğer ek iş ve işleyişleri de planlarlar.

Sağlık turizmi seyahat acentelerinin rehberliği sağlık turistini kendi ülkesinden çıkmadan önce yönlendiren, hizmet alacağı ülkeye transferini ve karşılanmasını sağlayan, konaklayacağı oteli sunan, alacağı tıbbi tedavide yanında olarak, hastanın evine ulaşana kadar devam etmektedir. Bu rehberlik ve danışmanlık ile sağlık turistine sağlık tesisleri ve doktorlar arasında en uygun seçenekleri sunarak karar verme sürecine yardımcı olur(Aladağ Bayrak et al., n.d.).

- **Uluslararası İş İlişkileri ve Ağ Oluşturma:** Sağlık turizmi seyahat acenteleri, uluslararası düzeyde çeşitli sağlık tesisleri ve uzman doktorlarla iş ilişkileri kurarlar. Bu, hastalara geniş bir seçenek yelpazesi sunmalarına yardımcı olur. Acenteler, kaliteli sağlık hizmetleri sunan sağlık tesisleriyle sıkı iş birlikleri kurarak müşterilere güvenilir bir ağ sağlarlar.

- **Lojistik ve Seyahat Organizasyonu:** Seyahat, konaklama, ulaşım ve diğer lojistik düzenlemelerin yanı sıra vize işlemleri gibi konularda hastalara destek sağlarlar(Uyanık Çavuşoğlu, 2018).

- **Özelleştirilmiş Hizmetler:** Her hasta farklı ihtiyaçlara sahiptir ve sağlık turizmi seyahat acenteleri, bu ihtiyaçlara özel çözümler sunarak hastaların beklentilerini karşılar. Tedavi sürecinin yanı sıra turistik aktiviteler, dil tercümanlığı, hasta takip hizmetleri gibi özelleştirilmiş hizmetler sunarak hastaların sağlık turizmi deneyimini kişiselleştirirler. Bunun yanında sağlık turistinin talebi doğrultusunda internet erişimi ve diz üstü bilgisayar veya tablet erişimi gibi bilgi teknolojisi ve iletişim hizmetlerine erişim hizmeti sunarlar(Uyanık Çavuşoğlu, 2018)

- **İletişim ve Hizmet Kalitesi:** Sağlık turizmi sürecinde doğru ve hızlı iletişim kritik bir öneme sahiptir. Seyahat acenteleri, hastalarla ve sağlık tesisleriyle etkili bir iletişim kurarak, tedavi sürecinin sorunsuz ve güvenilir bir şekilde ilerlemesini sağlarlar. Sağlık turizmi seyahat acenteleri, hastalarla sürekli ve etkili bir iletişim kurarak sorularını yanıtlar ve endişelerini giderirler. Bunu sağlarken sağlık turizmi seyahat acentesi ofisine sürekli erişilebilirlik ve gerekirse tercüman desteği sağlarlar(Uyanık Çavuşoğlu, 2018).

- **Finansal Danışmanlık:** Sağlık turizmi seyahat acenteleri, tedavi maliyetleri, sigorta ve diğer finansal konularda hastalara danışmanlık yaparak mali açıdan bilinçli kararlar almalarına yardımcı olurlar.

- **Hasta Takip ve Destek:** Medikal turistler, diğer hastalar gibi, tıbbi prosedürlerden kaynaklanan komplikasyonlar nedeniyle sağlıklarına yönelik risklerle karşı karşıya kaldıklarında destek ağlarından uzakta olabilmektedir(Snyder et al., 2011). Sağlık turizmi seyahat acenteleri tedavi sonrası süreçte hastaları takip eder ve gerekli destek sağlarlar. Seyahat öncesi dinlenme süresinin iyi koordinasyonu, hastanın ülkesindeki ameliyat sonrasını izleyen takip ve tedavisinin organizasyonu ve koordinasyonunu sağlarlar(Uyanık Çavuşoğlu, 2018) .

Bu hizmetler aracılığıyla sağlık turizmi acenteleri, müşterilerine sağlık hizmetlerine kolay erişim, uygun maliyetler, profesyonel destek ve tatil deneyimi birleştiren bir paket sunarlar.

Sonuç:

Sağlık turizmi mevsimlik turizm sektörlerinin aksine her mevsim yapılabilen ve ekonomiye sağladığı katkı ile ön plana çıkan bir sektördür. Sağlığını korumak veya tanı aldığı bir hastalığını iyileştirmek, estetik ve ruhsal yönden iyilik haline erişmek için seyahat eden sağlık

turistleri kendi ülkesinde erişimde zorlandığı hizmetleri başka ülkelerde almak isteyen kişilerden oluşmaktadır. Bu sağlık turistlerinin destinasyon kararını vermesinde, tedavi aşamasında ve sonraki aşamalarda turizm ile sağlık sektörünün entegrasyonunu sağlayan kuruluşlar olarak sağlık turizmi seyahat acenteleri kilit rol oynamaktadırlar. Sağlık turisti kendi ülkesinden bir başka ülkeye yapacakları seyahatlerinde gerekli hem sağlık işletmeleri hem de turizm işletmelerine yönelik bilgi, belge transfer işlemlerini gerçekleştirmek, bu işlemlerini sağlık turisti evlerine dönene kadar sürdürmek sağlık turizmi seyahat acentelerinin görevleri arasındadır.

Sağlık turizmi seyahat acentelerinin sağlık turizmi bağlamındaki spesifik rolünü ve etkisini araştırmak için daha fazla araştırmaya ihtiyaç vardır(Özdemir, 2021).

KAYNAKÇA

1. Aladağ Bayrak, Ö., Dalkıran, G. B., Gör, Ö., Üniversitesi, T., Sağlık, /, Enstitüsü, B., & Yönetimi, S. (n.d.). *Sağlık Turizminde Aracı Kurumların WEB Sitelerine Yönelik Bir Değerlendirme: Türkiye Örneği **.
2. Boyacı, İ. (2021). Türkiye’de Sağlık Sisteminin Dönüşümü (2003-13): Sağlık Hizmet Bölgeleri Planlaması ve Şehir Hastaneleri. *İstanbul Ticaret Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, 20(40), 358–376. <https://doi.org/10.46928/iticusbe.769087>
3. Kılınç, H., & Koçarslan, H. (2022). Sağlık Turizminde ElektronikAğızdan Ağıza Pazarlamanın Bölgesel Güven ve Seyahat Niyeti Üzerine Etkisi: Yabancı Hastalar Üzerine Bir Araştırma. *Journal of Academic Perspective on Social Studies*, 1, 43–65. <https://doi.org/10.35344/japss.1065162>
4. Lin, H. C. (2014). Assessment of the Partnership Quality between Travel Agencies and Health Care Organizations on the International Medical Tourism Market in Taiwan. *Journal of Quality Assurance in Hospitality and Tourism*, 15(4), 356–381. <https://doi.org/10.1080/1528008X.2014.921777>
5. Özdemir, A. (2021). Türkiye’de Sağlık İşgücü Kamu İstihdamı. *Journal of Healthcare Management and Leadership*, 1, 59–69. <https://doi.org/10.35345/johmal.902400>
6. Polo Peña, A. I., Andrews, H., & Morales Fernández, V. (2023). Can online travel agencies contribute to the recovery of the tourism activity after a health crisis? *Journal of Humanities and Applied Social Sciences*, 5(4), 271–292. <https://doi.org/10.1108/jhass-12-2022-0171>
7. Poongodi. P. (2020). Health Tourism-An Emerging Service Package in India. *Indian Journal of Applied Research*, 10(10). <https://doi.org/10.36106/ijar>
8. Snyder, J., Dharamsi, S., & Crooks, V. A. (2011). Fly-By medical care: Conceptualizing the global and local social responsibilities of medical tourists and physician voluntourists. *Globalization and Health*, 7. <https://doi.org/10.1186/1744-8603-7-6>
9. Tengilimoğlu, D. (2021). Sağlık Turizmi ve Devlet Teşvikleri. *JOURNAL OF LIFE ECONOMICS*, 8(1), 1–10. <https://doi.org/10.15637/jlecon.8.1.01>
10. Turner, L. (n.d.). *Commentary Medical tourism Family medicine and international health-related travel*. www.post-gazette.com.
11. Turner, L. (2007). Medical tourism: Family medicine and international health-related travel | Tourisme médical: La médecine familiale et les voyages internationaux reliés à la santé. *Canadian Family Physician*, 53(10).
12. Türk, E., & Uymaz, A. O. (2023). Eko Turizm Perspektifinden Sağlık Turizmi. S. Ö. Gürdal (Dü.) içinde, *Sağlık Bilimleri Alanında Akademik Çalışmalar -IV* (2023-4 b.). Artikel Akademi. [doi:https://doi.org/10.5281/zenodo.8332780](https://doi.org/10.5281/zenodo.8332780)
13. Uyanık Çavuşoğlu, A. (2018). *Sağlık Turizmi Aracı Kuruluşu Hizmet Standartları Hakkında Düşünce ve Öneriler Health Tourism Intermediary Institution Thought and Suggestions on Service Standards*.

ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДІ ЖАРНАМАЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

БАТЫРОВА Н.Т., профессор

САПАР А.Ә., студент

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

e-mail: batyrova.nazgul@iuth.edu.kz

Аңдатпа. Зерттеу жұмысының мақсаты еліміздің қонақүй бизнесінің қызмет көрсету сапасын арттыруда тұтынушы демалысы үшін тиімді әрі қолайлы қонақ үйді таңдауда уақытты үнемді пайдалану жолдарын ұсыну болып табылады. Адамзат өмір сүру үрдісін оңтайландыру үшін үнемі тиімді технологияларды ойлап табуда. Соңғы технологиялары бар смартфондардың дамуы энергия тұтынуды азайтуды жалғастыруда, сондықтан олар үнемі адамдардың қасында жүретін жақсы серіктестестері болып келе жатыр. Мобильді қосымша компаниялары күн сайын миллиондаған адамдарға кеңістік таратып, оларды ары қарай дамытуды жоспарлауда, сондықтан бұл тақырып қазіргі таңда өзекті болып табылады.

Кілт сөздер: қосымша, турист, экономика, қонақүй, тенденция, даму.

Аннотация. Целью исследовательской работы является предоставление способов экономного использования времени при выборе эффективной и комфортной гостиницы для отдыха потребителей в повышении качества обслуживания гостиничного бизнеса страны. Человечество постоянно изобретает эффективные технологии для оптимизации жизненного процесса. Разработка смартфонов с новейшими технологиями продолжает снижать потребление энергии, поэтому они становятся хорошими партнерами, которые постоянно находятся рядом с людьми. Компании мобильных приложений ежедневно распределяют пространство среди миллионов людей и планируют их дальнейшее развитие, поэтому данная тема является актуальной на сегодняшний день.

Ключевые слова: приложение, турист, экономика, гостиница, тенденции, развитие.

Annotation. The purpose of the research work is to provide ways to save time when choosing an efficient and comfortable hotel for consumers to relax in improving the quality of service to the country's hotel business. Humanity is constantly inventing effective technologies to optimize the life process. The development of smartphones with the latest technologies continues to reduce energy consumption, so they become good partners who are constantly close to people. Mobile application companies distribute space among millions of people every day and plan their further development, so this topic is relevant today.

Keywords: application, tourist, economy, hotel, trends, development.

Кіріспе. Зерттеу жұмысының мақсаты еліміздің қонақүй және мейрамхана бизнесінің қызмет көрсету сапасын арттыруда тұтынушы өзінің демалысы үшін тиімді әрі қолайлы қонақ үйді таңдауда уақытын үнемді пайдалану жолдарын ұсыну болып табылады.

Адамзат өмір сүру үрдісін оңтайландыру үшін үнемі тиімді технологияларды ойлап табуда. Соңғы технологиялары бар смартфондардың дамуы энергия тұтынуды азайтуды жалғастыруда, сондықтан олар үнемі адамдардың қасында жүретін жақсы серіктестестері болып келе жатыр. Мобильді қосымша компаниялары күн сайын миллиондаған адамдарға кеңістік таратып, оларды ары қарай дамытуды жоспарлауда.

Талдау. Қонақ үй және мейрамхана саласының 100 тұтынушыларынан арнайы сауалнама алынды. Сауалнама мақсаты - қонақ үйде кездесетін түрлі проблемаларды анықтау болып табылады. Төменде бірнеше сауалнамалардың нәтижесін келтірдік:



Сурет – 1. Сауалнамадағы №1 сұраққа жауаптар нәтижесі


Сауалнамамыздың басын «Брондауда қай әлеуметтік желіден жүзеге асырасыз?» деген сұрақтан бастаған болатынбыз. Көріп тұрғандарыңыздай Елімізде инстаграм желісі көш бастап тұр, екінші Google әлеуметтік желісі, үшіншісі Booking қосымшасы.



Сурет – 2. Сауалнамадағы №2 сұраққа жауаптар нәтижесі

Келесі сұрақ «Қонақүйлерді брондауда проблемалар туындайды ма?»- деген сұрақ қойылды. Нәтижесінде 60% «Жоқ»-деп жауап берсе, ал 25 % «Иә» деп жауап берген.

Сауалнамадағы келесі сұрақта «Қонақ үйді таңдағанда қандай қиындықтарға кездесесіз?» дегенде адамдарда нақты қандай мәселелерде қиындықтар туатынын анықтап көрдік.



Сурет – 3. Сауалнамадағы №3 сұраққа жауаптар нәтижесі

Нәтижесінде жоғарыдағы 3 суретте көрсетілгендей, 35 адам қонақүй таңдауда қиналады екен. 30 % адам қонақ үйлерді бағаларымен салыстырып таңдаудан қиналса, қалғаны қонақ үйді брондауға көп уақыт кететінін және бағасы аспанда шарықтап тұратынын білдірген.

Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілгендей сұрақтар қойылған сауалнама нәтижесінде қонақ үйлерді таңдау кезіндегі тұтынушылардың көптеп кездесетін мәселелері анықталған. Мысалы, еліміздің қонақүй мейрамхана бизнесінде брондаудан кемшіліктер өте көп екені және де Инстаграм желісі – Қонақүй мейрамхана бизнесі саласының дамуында айтарлықтай жетекші орын алып, көптеген тұтынушыларды тартатын бірден бір тиімді желі екені анықталды. Негізінде инстаграм желісі - бүкіл әлем қолданысында болғандықтан әрине жақсы, бірақ елімізде қонақүй мейрамхана бизнесін жарнамалау үрдісі дамымаған. Сондықтан біздің ойымызша Қазақстанда қонақүй мейрамхана саласын дұрыс бағытта дамытатын болсақ, 2-3 жылда қазіргі дамыған Турция елінен де асып түсетініміз анық.

Осы талдаудың нәтижесінде ҚР қонақ үй бизнесі саласының өз айнасын, өз брендін қалыптастыру мақсаты туындады. Тұтынушылардың берген қанағаттанбайтын жауаптарын алға ала отырып, шет елдердегі қолданбаларды зерттедік. Нәтижесінде қосымша ойлап таптық. Қосымша туралы әрине бірінші кезекте тұтынушылардың ойын білдік. 89,5% адамдар келісемін деген жауап берген. Ал енді қосымшаның тиімділік жағынан сұрақ қойған едік, 73.7 % адамдар керемет деген нұсқаны таңдаған.

Талқылау. Мобильді бизнес қосымшалары шексіз уақыт бойы дамып келе жатқаны және қазіргі күнге дейін үнемі даму үстінде екені анық. Дүние жүзінде 3,2 миллиардтан астам смартфон пайдаланушылары бар екен және менің есептеулерім бойынша олардың мобильді құрылғыларды тұтынудың орташа уақыты шамамен 2 сағат 51 минутты құрайды. Маркетологтар интернетте жүргізген сауалнамаға сәйкес, орташа тұтынушы уақытының шамамен 88% мобильді құрылғыларында қолданбаларды қосуға және пайдалануға жұмсайды екен. 2025 жылға қарай жаһандық индустрияның әртүрлі секторлары мобильді қосымшалардан 935 миллиард доллар табады деп жоспарлануда. Сондықтан, мобильді қосымшаларды пайдалану өзекті мәселеге айналуға [1].

Түрлі салалар үнемі әлеуетті мақсатты аудиторияны қызықтыруға және өзіне қарай тартуға тырысады, сонымен қатар тұтынушыларға жоғары қызмет көрсетуге ұмтылады. Бұл зерттеу қонақ үй бизнесіндегі шағын және орта кәсіпорындарға, сондай-ақ ірі

кәсіпорындарға тиімді қосымшаларды жасау және пайдалану арқылы өз бизнесінде нақты пайдаланушылар мен мақсатты тұтынушыларды тартуға жол ашады.

Шет елдегі қонақ үйлердің қызмет көрсету сапасы мен технологиялық қолжетімділіктеріне талдау жасау нәтижесінде және статистикалық мәліметтерге сәйкес, жолаушылардың 74%-ға жуығы қонақүй бөлмелерін алдын ала жоспарлауды және деңгейлі қонақ үй қолданбалары арқылы броньдауды жөн көретіні белгілі болды.

Қонақ үй және мейрамхана бизнес ортасы туризмнің жетекші факторы мен базасы болғандықтан, оны «алтын жұмыртқалы тауық» саласы деп атайды. Бірақ біздің елімізде қонақ үй-мейрамханалық және туристік бизнес көптеген себептерден шетелдегідей өріс алып жатқан жоқ, оның экономикалық және басқару негіздерін оқу экономикалық ғылымның жеке саласына әлі айналған жоқ, ал қонақжайлық қызмет көрсету маркетингі мен басқаруын тек кейінгі кезден ғана университеттік деңгейде оқыта бастады. Сондықтан бұл сала дамыған елдің тәжірибесін меңгерген жөн деп көреміз. Америка Құрама Штаттарында қонақ үй-мейрамханалық және туристік бизнесінде клиентке ерекше көңіл бөліп бағдарланумен ерекшеленетіндіктен, біз үлгі етіп американдық мектебін таңдадық.

Тарихты артқа тастаған Қазақстанда қазір 1559-қа жуық қонақ үй жұмыс істесе, оның басым көпшілігі Астанада, Алматыда, Қарағандыда, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан обылыстары аумағында орналасқан. Қонақ үй шаруашылығын туристік шаруашылықтан бөліп қарауға болмайды. Ал соңғысымен біздің елдің жағдайы тамаша емес. Әрине сыртқы туризм бізде біршама жақсы дамыған: қазақстандықтар үшін шетелде демалуды әдетке айналдырған – 45,8%, ішкі туризм бойынша – 37,9% көрсетсе, туристердің Қазақстанға келу көрсеткіші небәрі 16,3%-ке ғана жетеді [2]. Мемлекет осылардың соңғысына мұқтаж, себебі оның арқасында елге шетелдік валютаның көп келуімен, өндіріс салаларының қарқынды дамуына бастау алады. Қазақстанға туристерді келтіру үшін бірқатар жұмыстар атқарып, оның ішінде қонақ үй инфраструктурасын қолға алу керек. Еліміз қарқынды дамудың нарықтық жолына түскендіктен Қазақстан көптеген шетелдік әріптестерімен жұмыс жасап, әр қаладағы біріккен өнеркәсіптермен және шетел өкілеттіліктерімен қатар әр қаланың қонақ үй өмірі біршама қайта жанданды.

Жаңа қонақ үйлер пайда болып, ескілері жаңартылып немесе қайта күрделі жөндеуден өткізілді. Айта кетерлік жайт, Қазақстандағы бірдей жұлдызды қонақ үйлердің сапа деңгейінің әр түрлі екендігі ешкімге жұмбақ емес. Тіпті арнайы маман емес, қарапайым турист көзімен-ақ кейбір жұлдызы төмен қонақ үйлердің қолайлығымен қызмет көрсету деңгейі, оның жоғары жұлдызды «ағайындарына» қарағанда әлдеқайда биік екендігін көруге болады. Дәлірек айтсақ, сол сияқты, бірақ төмен деңгейлі бағамен қолайлы, еуропалық деңгеймен салынған 3 жұлдызды қонақ үй, тек бизнес туристерге ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның табиғат кереметін тамашалауға келген қарапайым шетел қонақтарына да ұнайтыны сөзсіз. Сондықтан да Қазақстан қонақ үйлері ең алдымен елге келетін туристер ағымының 86 % құрайтын алыс шетел адамдарының, содан кейін тек 14 % құрайтын ТМД туристерінің қалауынан шығуға жұмыс істеуі қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, еліміздегі қонақ үй саласын дамытуда тұтынушыларға сапалы әрі тиімді ақпараттар беретін бір қосымша қажет екендігін ұсындық. Қосымшаны ұсынудың түпкі мақсаты, елімізге туристерді көптеп тарту болып табылады. Еліміздегі қазіргі көп қонақ үйлердің даму және тиімді жұмыс жасау мерзімі тек жаз маусымы болып тұр, ал қыс айларында айтарлықтай алмасу көп емес.

Шет елден келген туристер үшін қолданба бірнеше тілде қарастырылуы қажет және де оның ішінде еліміз туралы ақпарат, тур қызметтері, мәдениетіміз, ұлттық тағамдарымыз, дәстүрлерімізді тану мәліметтері бір ғана сол берілген қолданбамен жүзеге асады. Туристерді тарту үшін Америка немесе велосипед ашудың керегі жоқ, жай ғана сататын сервиске қосымша сыйлық немесе тиімділікті қосу қажет. Себебі, барлық адам артық шығын жұмсағысы келмейді.

Қонақ үйдің басты мәселесі - тиімділікті үнемі арттырып, қызмет бағасын қолжетімді етіп түсіріп, келетін клиенттерді тартып қызықтырып тұру. Ия бұл мәселеде «Қонақ үйдің құнын түсіріп алмаймыз ба?»- деп ойлауларыңыз мүмкін. Қосымшаның ең басты мақсаты қонақ үйдің пайдасы болғандықтан, бұл мәселе екіжақты орта келісіммен шешіледі. Қосымша мен қонақ үй арасында келісімшарт түзіледі, қонақ үй өз бағаларына ұсыныс жасайды. Түрлі қонақ үйлердің бағаларын салыстыру нәтижесінде тиімді бағдарламалардың құны ескеріледі.

Түрлі салалар үнемі әлеуетті мақсатты аудиторияны қызықтыруға және өзіне қарай тартуға тырысады, сонымен қатар тұтынушыларға жоғары қызмет көрсетуге ұмтылады. Бұл зерттеу қонақ үй бизнесіндегі шағын және орта кәсіпорындарға, сондай-ақ ірі кәсіпорындарға тиімді қосымшаларды жасау және пайдалану арқылы өз бизнесінде нақты пайдаланушылар мен мақсатты тұтынушыларды тартуға жол ашады.

Шет елдегі қонақ үйлердің қызмет көрсету сапасы мен технологиялық қолжетімділіктеріне талдау жасау нәтижесінде және статистикалық мәліметтерге сәйкес, жолаушылардың 74%-ға жуығы қонақүй бөлмелерін алдын ала жоспарлауды және деңгейлі қонақ үй қолданбалары арқылы броньдауды жөн көретіні белгілі болды.

Түрлі салалардағы компаниялардың 88%-ы өз тұтынушыларына инновациялық жолмен жаңаша тиімдірек қызмет көрсету мақсатында жекелендірілген мобильді қосымшаны пайдаланғысы келеді, қонақжайлылық индустриясы да солардың қатарына кіреді.

Сондықтан, біздің ұсынып отырған қосымшамызды отандық қонақжайлылық индустриясында жаңалық ретінде қабылдаса болады. Қонақ үй және мейрамхана бизнесіндегі кәсіпорындар ұсынылып отырған қосымшаны жарнама ретінде пайдаланса, олардың танымал болуына бірден бір себеп болатынына сенімдіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Event tourism France // Things to Do in Paris Bastille Day // (Электронды ресурс) // URL: https://www.tripadvisor.com/Attraction_Review-g187147-d10020410-Reviews-Bastille_Day-Paris_Ile_de_France.html // (Қаралған күні 24.11.23ж).
2. Туркестан қонақ үй желілері. Риксос Туркестан // (Электронды ресурс) // URL: <https://south-oil.com/home/kompanii/rixos-turkistan/> // (қаралған күні 24.11.23ж).

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІН ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ БАҒЫТТА ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

АБДИКАРИМОВА МАДИНА НУРБУЛАТОВНА, PhD

madina.abdikarimova@iuth.edu.kz

НҰРМАҒАНБЕТҚЫЗЫ НҰРДАНА, магистр оқытушы

nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz

ШАҢБАЙ ІЛЕСБЕК НҰРЛЫБЕКҰЛЫ, магистр оқытушы

lesbekshanbay@gmail.com

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

Түйін. Қазіргі таңда әлем бойынша туризм саласын дамытудың түрлі жаңа тенденциялары пайда болуда. Туризм кез келген елдің экономикасының дамуы үшін «көрінбейтін экспорт» қызметін атқаратындықтан, аталмыш саланы алға жылжытуда туристердің тарапынан неғұрлым сұранысқа ие туризм түрлеріне баса мән берілуде. Соңғы жылдары Қазақстан туризмін ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы ілгерілету жобалары танымал болу үстінде. Осыған орай, мақалада Қазақстандағы гастрономиялық туризмді дамытудың әлеуеті қарастырылған. Авторлар елдің бірегей мәдени және аспаздық дәстүрлерін зерттейді, негізгі аспаздық үрдістерді, танымал тағамдар мен сусындардың

ерекшелігін, сол арқылы гастрономиялық туризмді жетілдіру жолдарын көрсетеді. Мақалада жергілікті тағамдарды насихаттау және халықаралық гастрономиялық іс-шараларға қатысу арқылы шетелдік туристерді тарту мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, қазақ гастрономиясын әлемдік деңгейде ілгерілету бойынша ұсыныстар мен оны туристік бағдарламаларға енгізу жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: гастрономиялық туризм, тұрақты туризм, ұлттық тағам, аспаздық өнер, гастрономиялық фестиваль.

Аннотация. В настоящее время во всем мире возникают различные новые тенденции в развитии туризма. Поскольку туризм служит «невидимым экспортом» для развития экономики любой страны, при продвижении этой отрасли упор делается на те виды туризма, которые наиболее востребованы туристами. В последние годы набирают популярность проекты по продвижению казахстанского туризма путем прославления национальных ценностей. В связи с этим в статье рассмотрен потенциал развития гастрономического туризма в Казахстане. Авторы изучают уникальные культурные и кулинарные традиции страны, показывают основные кулинарные тенденции, характеристики популярных блюд и напитков, тем самым совершенствуя гастрономический туризм. В статье речь идет о возможностях привлечения иностранных туристов путем продвижения местной кухни и участия в международных гастрономических мероприятиях. Кроме того, представлены предложения по продвижению казахстанской гастрономии на мировом уровне и пути внедрения ее в туристические программы.

Ключевые слова: гастрономический туризм, устойчивый туризм, национальная еда, кулинарное искусство, гастрономический фестиваль.

Abstract. Currently, various new trends in tourism development are emerging all over the world. Since tourism serves as an “invisible export” for the development of the economy of any country, when promoting this industry, the emphasis is on those types of tourism that are most in demand by tourists. In recent years, projects to promote Kazakhstani tourism by glorifying national values have been gaining popularity. In this regard, the article examines the potential for the development of gastronomic tourism in Kazakhstan. The authors study the unique cultural and culinary traditions of the country, show the main culinary trends, characteristics of popular dishes and drinks, thereby improving gastronomic tourism. The article discusses the possibilities of attracting foreign tourists by promoting local cuisine and participating in international gastronomic events. In addition, proposals are presented for promoting Kazakh gastronomy at the global level and ways to introduce it into tourism programs.

Key words: gastronomic tourism, sustainable tourism, national food, culinary arts, gastronomic festival.

Кіріспе. Гастрономиялық туризм бүкіл әлемде күн сайын танымал болып, әлем елдерінің мәдениеті мен тағамдарын сезінгісі келетін туристерді тартады. Сан алуан материалды емес мәдени мұрасы мен бірегей аспаздық дәстүрлері бар Қазақстанның гастрономиялық туризмді дамыту үшін орасан зор әлеуеті бар. Мақалада Қазақстан үшін осы бағытта ашылатын мүмкіндіктерді, сондай-ақ гастрономиялық турлар мен іс-шаралар арқылы шетелдік туристерді тартудың әдістері мен стратегияларын қарастырамыз.

Зерттеудің объектісі – Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі материалды емес мәдени мұраның маңызды бөлшегі болып табылатын гастрономиялық мәдениетіміз, ұлттық тағамдарымыз бен сусындарымыз. Аталмыш мақаланың мақсаты – Қазақстанда туризмді тұрақты түрде қалыптастыруға гастрономиялық туризмнің әсерін және әлеуетін талдау және оны сақтау мен жетілдіру үшін мүмкін болатын идеяларды белгілеу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей маңызды міндеттер белгіленді: 1. Гастрономиялық туризм ұғымының теориялық маңыздылығын ашу. 2. Қазақстан туризмін алға жылжытудағы елдің гастрономиялық әлеуетін саралау және талдау. 3. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, гастрономиялық туризмді дамытудың мүмкін болатын жаңа идеяларын қалыптастыру.

Гастрономиялық туризмді дамыту арқылы елде тұтастай тұрақты туризмді қалыптастырудың шетелдік тәжірибесіне сүйенсек, бұл тенденция түрлі елдердің тұтастай мәдениеті мен салт-дәстүрлерін дамытумен қатар жүзеге асуда. Қазіргі таңда әлемде көптеген компаниялар шет мемлекеттерге гастрономиялық турлар ұйымдастыруға маманданған. Олардың бірқатарына шолу жасап өтетін болсақ, Ұлыбританиядағы «The International Kitchen», Италиядағы «Gourmet Getaways», АҚШ-тағы «Gourmeton Tour» және т.б. Гастрономиялық туризмнің негізгі мақсатты аудиториясы өзінің тұрғылықты жерінен басқа елдерге сол елдің мәдениетімен ұлттық тағамдары арқылы танысқысы келетін туристер және танымдық мақсатта гастрономиялық саяхаттарға шығатын туристер болуы мүмкін [1].

Гастрономиялық туризм Батыс және Орталық Еуропа елдерінде, АҚШ, Канада және Жапонияда кең етек алып даму үстінде. Яғни, бұл елдер экономиканың, әлеуметтік және құқықтық саланың өте жоғары даму деңгейіне ие мемлекеттер. Аталмыш мемлекеттерде гастрономиялық туризм әр елдің дәстүрлі және мәдени мұрасының дамуымен қатар жүргізіледі. Яғни, гастрономиялық іс-шараларда тек дәстүрлі тағамдар ғана ұсынылмайды, сонымен қатар, ұлттық музыка және ойындар фестивальдері, ұлттық киімдер көрсетілімдері де қосымша іс-шара ретінде өткізіледі.

Ал көрші Ресейде гастрономиялық туризм қалай даму үстінде? Аталмыш елде гастрономиялық туризм мемлекеттік деңгейде күнтізбеде атаулы күн деп есептелетін мерекелерде басым назар аударыла отырып, дамиды. Мысалы, балықшы күнінде жағалауда жергілікті әртістер мен музыканттардың өнерін тамашалап, балық сорпасын дайындау фестивалі өткізіледі. Сонымен қатар, фестивальде балаларға арналған конкурстар және эстафеталар ұйымдастырылады. Ал қарбыз күнінде карвинг, яғни қарбызды тілімдерге сәндеп бөлу конкурсы өткізіледі және бөлінген қарбыз тілімдерін жылдамдықпен жеу жарысы, дәмін татып көру жарысы ұйымдастырылады [2].


Қазіргі уақытта Еуропалық Одақ (ЕО) елдері материалдық емес мәдени мұра арқылы туристік секторды дамыту тәжірибесін кеңінен қолдануда. Шынында да, Еуропа елдерінің мұражайларға, театрларға, фестивальдарға және жалпылай айтқанда дәстүрлі колоритті қамтитын тұтастай мәдениеті бүгінде бүкіл әлемге таралған. Бұл елдерде материалдық мәдени мұралармен қатар ұлттық тағамдарға, музыкаға, биге, әдебиетке қызығушылық танытатын туристер саны артып келеді. Ал материалдық емес мәдени мұраны зерттеуге бейім туристердің осы елдің мәдени мұрасына қызығып, туристік сапарларға шығуы жалпы ел экономикасына оң әсерін тигізеді [3].

Зерттеу әдістері. Зерттеу жүргізу барысында гастрономиялық туризм арқылы тұрақты туризмді қалыптастырудың әлемдік тәжірибелеріне шолу жасау, мәліметтерді өңдеу, статистикалық мәліметтерді талдау және Қазақстанның гастрономиялық туризм бағытындағы әлеуетіне SWOT талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі таңда Қазақстандағы гастрономиялық туризмді дамытудың әлеуеті қандай? Зерттеудің бұл сұрағына жауап табу үшін ең алдымен, Қазақстанның түкпір-түкпірінде өткізілетін гастрономиялық іс-шаралар және сол іс-шараларда ұлттық тағамдарымыздың дәріптелу деңгейіне шолу жасауымыз қажет. Түркі елдерінің туристік астанасы мәртебесіне ие болған Түркістан қаласы ұлттық құндылықтарымыз бен мәдениетіміз салыстырмалы түрде жақсы сақталған аймақ болып табылады. Аталмыш аймақта жыл сайын дәстүрлі тағамдарымызды паш етіп, туристер арасында танымалдылығын арттыру мақсатында өткізілетін «Gastro Fest Turkistan» фестивалін ерекше атап өтуге болады. Наурыз мерекесі қарсаңында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін фестивальге тек ішкі туристер ғана емес, шет мемлекеттерден келетін туристер саны жыл сайын артқан. Бұл іс-шара туристердің ұлттық тағамдарымызбен танысып, еліміздің мәдениеті жайлы жағымды пікірге ие болуына көмектеседі. Осы ұйымдастырылатын іс-шараның негізгі мақсаты – ұлттық тағамдарымызды туристерге паш ету және гастрономиялық салада ұлттық брендiмiздi қалыптастыру болып табылады. Аталған іс-шарада қаладағы 25-ке жуық тамақтандыру мекемелері шара қонақтарына тәтті

тағамдары мен сусындарын ұсынады. Сондай-ақ, түрлі конкурстар мен ойындар, балаларға арналған ойын-сауық шаралары ұйымдастырылады. Бұл өз ретінде туристердің тек ұлттық тағамдарымыздан дәм татып қана қоймай, туристік сапарларын жағымды эмоцияларға толы етіп өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, гастрономиялық фестивалде келушілерге қаланың гастрономиялық картасы тегін беріледі. Гастрономиялық картада қаладағы ең үздік тамақтандыру мекемелері туралы мәлімет қана берілмейді, картадағы купондарды қыркып алып, туристер сол мекемеге барғанда мәзірдің жалпы суммасынан жеңілдіктерге ие бола алады. Бұл да болса гастрономиялық фестивальдің өзіндік бір ерекшеліктерінің бірі.

Төмендегі 1-суретте гастрономиялық фестивалге келуші туристердің жыл сайынғы өзгеріс динамикасы көрсетілген (Сурет 1):




Сурет 1. Гастро-фестивалге келген туристер санының өзгеріс динамикасы, (мың, адам)

Жоғарыдағы диаграммадан көріп отырғанымыздай, гастрономиялық фестивалге келуші туристердің санында жыл сайын біршама өзгерістер бар екенін байқауға болады. Мәселен, алғаш ұйымдастырылған 2019 жылы гастрономиялық фестивалге 500-ге жуық турист келгенін байқауға болады. 2020 жылы коронавирус пандемиясы әсерінен шара ұйымдастырылмаған болса, 2021 жылы 1000 адам, яғни 2019 жылмен салыстырғанда дәлме-дәл 2 есе көп адам келген. Тиісінше іс-шара 2022 жылы 6300 туристті, 2023 жылы 10562-ге жуық келушіні қабылдаған [4].

Еліміздің орталығында орналасқан Қарағанды қаласында қымыз пісуден іс-шара ұйымдастырылып тұрады. Жергілікті қымыз пісушілер 1000 күбіге он мың литр қымыз ашытып, рекордтық нәтиже көрсетті. Қымыз ашыту шарасына көршілес ауылдардан және аудандардан біршама мыңдаған туристер келді. Ішкі туристермен қатар пісірілген қымызды Гиннестің рекордтар кітабына енгізу үшін халықаралық өкілдер де келді. Шетелдік өкілдер атап өткендай, мұндай нәтиже әлем бойынша алғаш рет болып отыр. Аталған іс-шара да туризм саласын гастрономиялық бағытта басым дамытып, елімізді халықаралық аренада біршама жоғары деңгейде танытуға, сонымен қатар келген туристерге ұлттық сусындарымыздың бірі – қымызды танымал ете отырып, келушілерге керемет әсер қалдыруға мүмкіндік береді [5].

Алматы қаласында жыл сайын дәстүрлі түрде «Тойқазан» атты ұлттық тағамдар фестивалі ұйымдастырылып тұрады. Аталмыш фестивальдің негізгі мақсаты – ұлттық тағамдарымызды фестиваль қонақтарына ұсыну арқылы, ұлттар достығын қалыптастыру, сонымен қатар ішкі туризмді дамыту болып табылады. Іс-шара барысында келушілер тек ұлттық колориттегі тағамдарымыздан ауыз тиіп қана қоймай, бауырсақ әзірлеу және бесбармақ тағамын дайындау конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға ие бола алады. Және ұлттық киімдеріміздің көрсетілімдеріне куә болып, ұлттық ойындар ойнап, киіз үйді

құру және жинау жарыстарына қатыса алады. Кәдесыйлар аллеясында ұлттық нақыштағы кәдесыйлар және дәстүрлі қолөнершілер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылады. Сондай-ақ, дәстүрлі нақыштағы әншілердің өнерлерін тамашалауға мүмкіндік бар. Төмендегі диаграммада «Тойқазан» фестиваліне келген туристер саны көрсетілген (Сурет 2):



Сурет 2. «Тойқазан» фестиваліне шет елдерден келген туристер саны, (мың, адам)

Жоғарыдағы суретке сәйкес, фестивалге Еуропа елдерінен келген турист саны 1360-ты құраса, Ресейден 2300-ге жуық, Қытайдан 580-ге жуық турист келген. Яғни, бұл көрсеткіштің өзі ұлттық колориттегі фестивальдер мен іс-шараларға шетелдік туристер тарапынан біршама қызығушылықтың бар екендігін айқын дәлелдейді [6].

Қорытынды және нәтижелерді талқылау.

Гастрономиялық туризмді дамытудың шетелдік тәжірибесін зерделей және Қазақстандағы гастрономиялық әлеуеттің қазіргі таңдағы даму жағдайын ескере келе, төмендегі кестеде көрсетілгендей SWOT-талдау жасауға болады:

Кесте 1. Қазақстандағы гастрономиялық туризмнің даму деңгейіне SWOT талдау


Артықшылықтары	Кемшіліктері
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бай ұлттық асхананың болуы. 2. Географиялық орналасудың тиімділігі. <p>Еліміздің Еуразия жүрегінде орналасуы ұлттық колориттегі мәдениетімізді өзге елдерге танытуда және туристердің өтімділік деңгейінің жоғары болуында маңызды рөл атқарады.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дәстүрлі имиджді қалыптастыратын мәдени және гастрономиялық іс-шаралардың аз ұйымдастырылуы. 2. Гастрономиялық іс-шаралардың еліміздің тек бірқатар шектеулі аймақтарында ғана ұйымдастырылуы.
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бай мәдениетіміз бен ұлттық тағамдарымызды маркетинг жұмыстарының көмегімен насихаттау нәтижесінде, ішкі туристеріміз бен шетелдік туристердің танымы кеңейіп, гастрономиялық турларға қызығушылығы арта бастайды. 2. Гастрономиялық туризмді дамыту жағдайында инфрақұрылымды жақсарту мүмкіншілігі. 3. Ұлттық тағамдардың жаңа заманауи технологияларға негізделе отырып дайындалу үлгісін паш ету, сол арқылы шетелдік туристердің қызығушылығына ие болу. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық тағамдардың жасалу жолдарының оның байырғы құрамынан өзгеріп кетуі. 2. Өзге елдердің гастрономиялық туризмді дамыту мақсатындағы жүйеленген стратегиялық қадамдарының болуы себепті, тым жоғары бәсекелестіктің болуы.

Аталған артықшылықтар мен кемшіліктерді қорыта келе, Қазақстанда гастрономиялық туризмді дамытудың бірнеше жаңа идеялары мен мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Ол үшін гастрономиялық туризмді материалдық емес мәдени мұраны дамытумен қатар ұштастыру қажет.

Ең алдымен, негізгі бағыты гастро-турлар мен фестивальдер болып табылатын туристік агенттіктердің болуы маңызды болып табылады. Бізде туристік агенттіктердің практикалық түрде көп бөлігінде гастрономиялық турлар жоқтың қасы. Сол үшін еліміздегі барлық туроператорлардың тур бағдарламасына гастрономиялық турлар қосылуы қажет. Яғни, ішкі туризмді дамыту барысында, туристердің ұлттық колориттегі мәдениетімізді танытатын және паш ететін ұлттық тағамдарымызбен таныса алуы үшін, ұлттық асханамызбен танысуды қызықты тур бағдарламасына енгізуіміз қажет.

Екіншіден, гастро-турлар мен фестивальдердің Қазақстанның барлық аймақтарында ұйымдастырылуын қамтамасыз ету. Фестивальдерде қазақ халқының ұлттық колоритін білдіретін дәстүрлі тағамдарымыз ұсынылып, ауыз тию және сол арқылы біздің елімізді тани алу мүмкіндігі болуы тиіс. Сондай-ақ, ұлттық нақыштағы безендірулермен, ұлттық әуендермен, тағамдармен және даяшылардың ұлттық киімдегі стилімен ерекшеленетін мейрамханалар санын көбейту. Ұлттық тағамдар жәрмеңкелерін ұйымдастыра отырып, аталмыш жәрмеңкелерде танымал құрт, қымыз, шұбат, бесбармақ, қуырдақ, нарын, жент секілді ұлттық тағамдарымызды паш етуіміз қажет.

Сондай-ақ, біздің еліміздің оңтүстігі бойымен ежелгі Ұлы Жібек жолының орнында Батыс Еуропа – Батыс Қытай трассасы өткендігін білеміз. Жол бойын жағалай орналасқан ауылдарда зат тасымалдаумен айналысатын фуралардың жүргізушілері, жалпы сапарда жүрген жолаушылар тоқтап, жол бойында орналасқан дәмханаларда ұлттық тағамдарымыздан дәм ауыз тие алатындай жағдай жасауымыз қажет. Яғни, бұл ең алдымен ұлттық асханамызды резидент және резидент емес туристер арасында танымал етуге мүмкіндік береді. Бұл процесс қысқа түрде төмендегіше стратегия бойынша жүзеге асуы тиіс (Сурет 3):



Сурет 3. Қазақстанда гастрономиялық туризмді дамытудың стратегиялық сызбасы

Осылайша, гастрономиялық туризм Қазақстандағы туристік индустрияны дамытудың орасан зор әлеуетін білдіреді деген қорытынды жасауға болады. Ел өзінің бай аспаздық мұрасының, әртүрлі асхана дәстүрлерінің және жергілікті өнімдердің бай таңдауының арқасында көптеген шетелдік туристерді тарта алады. Бұл әлеуетті ашу үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу, мамандандырылған аспаздық маршруттарды құру, ұлттық тағамдары бар мейрамханалар желісін дамыту, жергілікті тауар өндірушілерді қолдау қажет. Гастрономиялық туризмді дамыту шетелдік қонақтарды көбірек тартуға көмектесіп қана қоймай, еліміздің мәдени мұрасын сақтауға, жергілікті қауымдастықтың дамуына және туризм индустриясының кірісін арттыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Драчева Е. Л., Христов Т. Т. Гастрономический туризм: современные тенденции и перспективы //Российские регионы: взгляд в будущее. – 2015. – №. 3 (4). – С. 36-50.
2. Путешествия // [Электронды қор]. – URL: <http://travel.rambler.ru> (Кіру күні: 28.02.2024).
3. Škrabić Perić B. et al. The role of unesco cultural heritage and cultural sector in tourism development: The case of EU countries //Sustainability. – 2021. – Vol. 13. – Is. 10. – p. 5473.
4. Түркістанда Наурыз мейрамында «GASTRO FEST TURKISTAN - 2023» фестивалі өтті [Электронды қор]. – URL: <https://turkistan.today/turkistanda-nauriz-meуramında-gastro-fest-turkistan-2023-festivali-ottı> (кіру күні 27.02.2024).
5. Жаңарқалықтар мың күбіге 10 мың литр қымыз пісіріп, рекорд жасады [Электронды қор]. – URL: <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2019/09/15/129789/> (кіру күні 27.02.2024).
6. 5 ежегодных фестивалей, из-за которых стоит приехать в Казахстан [Электронды қор]. – URL: <https://kazakhstan.travel/ru/publications/55/5-annual-festivals-that-make-kazakhstan-worth-visiting> (кіру күні 02.03.2024).

ÇEVİRİMİÇİ KULLANICI YORUMLARI KAPSAMINDA DESTİNASYON ÇEKİCİLİKLERİNİN İNCELENMESİ: ALMATY ÖRNEĞİ

KEMAL KANTARCI, Prof. Dr.

kantarci07@gmail.com

MURAT ALPER BAŞARAN, Prof. Dr.

murat.basaran@alanya.edu.tr

ALPER KÜRŞAT UYSAL, Doç. Dr.

alper.uysal@alanya.edu.tr

EGEMEN GÜNEŞ TÜKENMEZ, Asst. Prof. Dr.

Alanya Alaaddin Keykubat Üniversitesi

egemen.tukenmez@alanya.edu.tr

NURZHAN ABDIRAZAKOV, Senior Lecturer, PhD Candidate

IUTH Üniversitesi

nurzhan.abdirazakhov@iuth.edu.kz

Özet: Bu çalışmada Almaty’da bulunan çekiciliklere yapılmış olan çevrimiçi yorumlar analiz edilmiştir. Almaty’da çekicilikler tarih, doğa ve insan yapımı olarak temelde üç gruba ayrıldığı görülmüştür. Bu alanlara yapılan yorumlar, konu modelleme, duygu analizi ve konu sınıflama yöntemleri kullanılarak, çekicileri oluşturan konuların memnuniyet düzeyleri ortaya çıkarılmıştır.

Keywords: Destinasyon, Çekicilik, İçerik Analizi, Almaty.

Аннотация. В ходе исследования были проанализированы онлайн-обзоры о туристических достопримечательностях Алматы. Было замечено, что туристические достопримечательности Алматы в основном делятся на три группы: исторические, природные и рукотворные. Уровни удовлетворенности темами, составляющими привлекательность, определялись с использованием комментариев, сделанных в этих областях, моделирования тем, анализа настроений и методов классификации тем.

Ключевые слова: Дестинация, Привлекательность, Контент-анализ, Алматы.

Giriş. Destinasyonların sahip olmuş olduğu çekicilikler, turistik talebin oluşmasındaki başlıca unsurlardan birisidir [1]. Bu çekicilikler kapsamında bulunan tarihi öneme sahip yerler, doğal güzellikler, insan yapımı unsurlar, turistleri cezbederek destinasyonlara önemli ekonomik ve sosyal katkılarda bulunmaktadır [2]. Bu sebeple destinasyonlarda bulunan işletmeler ve destinasyon yönetim organizasyonları, bu çekicilik unsurları etkin bir şekilde yöneterek ve pazarlama faaliyetlerinde verimli stratejiler geliştirerek, ilgili alanlara nicelik ve nitelik olarak turist çekmek istemektedir [2], [3], [4]. Bu turist çekimi, ülkelerin turizm sektöründeki hizmet kalitesini, marka değerini ve imajını arttıran önemli göstergelerdir [5].

Kazakistan, sahip olduğu jeopolitik önemi dolayısıyla bulunduğu coğrafyada önemli bir pozisyona sahiptir [6]. Ayrıca sahip olduğu kültürel, doğal ve insan yapımı çekicilikleri ile bölgesinde turizm alanında önemli bir pozisyonadadır [7]. Kazakistan, sahip olduğu bu çekicilikler kapsamında Seyahat ve Turizm Gelişme Endeksi'nin 2021 yılı kapsamında düzenlemiş olduğu raporda, doğal kaynak çekiciliğinde Dünya' da 33, kültürel kaynaklarda ise 63. Sırada görünmektedir [8]. Bu sebeple bu kaynakların verimli bir şekilde kullanılması, sürdürülebilir gelişme kapsamında korunması ve restorasyon çalışmalarının yapılması, tanıtım ve promosyon faaliyetlerinin tüm dünyada etkili bir şekilde kullanılması ile nitelik ve nicelik olarak turist sayısında artış meydana getirebilecektir [9], [10].

Web 2.0 uygulamaları ile tüketiciler, görüşlerini dijital platformlarda bildirerek, memnuniyetlerini iletmelerinin yolu hızlanmıştır [11]. Bu iletimin turizm alanında olması, özellikle hizmet sektörünün bir parçası olan turizm endüstrisindeki bileşenler için önemlidir [12]. Bu sebeple bu alanlarda yazılan yorumların incelenmesi ve bunların tüketicilerin deneyimlerinde etkisinin ölçülmesi, destinasyonlarda bulunan çekiciliklere olan memnuniyetin ortaya çıkarılmasında önemli bir etmendir [13]. Büyük veri analizi kapsamında makine öğrenmesi, metin madenciliği ve doğal dil işleme konularında meydana gelen gelişmeler, bu platformlarda ortaya konan yüksek miktarda verileri etkili bir şekilde analiz edilmesinin önünü açmıştır [14].

Bu çalışmada, Kazakistan'ın en büyük şehri Almaty'nin sahip olduğu kültürel, doğal ve insan yapımı turistik çekiciliklerin, dünyanın en büyük çevrimiçi seyahat platformlarından biri olan Tripadvisor web sitesindeki kullanıcı yorumları incelenerek, ilgili çekicilikleri ziyaret eden kişilerin yorumlarının içerikleri ve bu içeriklerin memnuniyete etkisi ortaya konmuştur.

Yöntem ve Bulgular. Almaty şehrinin çekiciliklerine Tripadvisor'da olan yorum sayısı 5 ve üzeri olan yerler bu kapsamda araştırmaya konmuştur ve toplamda 76 adet çekicilik yeri araştırmaya dahil edilmiştir [15]. Bu çekiciliklere bakıldığında ise, yorumların büyük bir çoğunluğunun İngilizce ve Rusça dilinde yazıldığı görülmüştür. Ayrıca çekiciliklere bakıldığında, genel olarak göl, dağ, kar gibi doğal güzellikler, tarih, kültür, mimari yapı gibi tarihi yerlerle birlikte metro, alışveriş yerleri, sokaklar gibi daha sonradan oluşturulan insan yapıları olarak temelde üç gruba ayrılmıştır. Bu kapsamda toplamda 7515 yorum ilgili siteden çekilmiş ve Orange veri madenciliği programı ile analiz edilmiştir [16].


Şekil 1 kapsamında elde edilen çekicilik türleri ve frekans değerleri görülmektedir. Buna göre yorumlar en fazla doğal güzellikler alanına yapılmıştır. Bu durumu insan yapımı çekicilikler ve tarihi çekicilikler takip etmektedir. Yüzdesel olarak bakıldığında ise %38 oranında doğa, %34 oranında insan yapımı ve %28 oranında tarih öğelerinin oluşturulduğu görülmüştür.

Şekil 1. Veri setinden elde edilen çekicilik türleri ve frekans dağılımları



İlgili yorumlar 3 ayrı çekicilik kapsamında filtrelendikten sonra her bir grup için duygu analizi, konu modelleme ve metin sınıflandırma yapılmıştır. Duygu analizi, bir cümlenin sahip olduğu duygu durumunu ve yoğunluğunu ifade etmede kullanılan bir analiz yöntemidir [17]. İlgili araştırmada VADER yöntemi kullanılmış olup, her cümlenin duygu türü ortaya çıkan compound sonucunda göre sınıflandırılmıştır. Şekil 1’ de tüm verilerin duygu türleri ortaya konmuştur. Buna göre toplamda 6160 pozitif duygu, 1034 nötr duygu, 321 negatif duygu sınıflandırılması meydana gelmiştir. Pozitif duygular tüm duyguların %81.97, nötr %13.76, negatifler ise %4.27’lik bir yüzdelik dilime sahiptir.

Şekil 2. Veri setindeki tüm yorumların duygu analizi sonuçları



Bu işlemden sonra konu modelleme algoritması kullanılarak, her bir çekiciliğin konu dağılımları, Non-Negative Matrix Factorization adlı konu modelleme algoritması ile analiz edilmiştir. Analiz sonucunda ise her bir yorumun sahip olduğu konu dağılımlarında en yüksek olasılığa sahip olan değer, o yorumun konusu olarak sınıflandırılmıştır. Bu işlemde sonra ise sınıflama yapılan yorumların duygu sınıfları ve konu sınıfları belli olduktan sonra, her üç çekicilik unsurunun sahip olduğu konular ve konuların duygu durumları analiz edilmiştir. Konu modelleme kapsamında konu bütünlüğünü göz önüne alındığında her bir çekicilik unsuru için toplamda 4 adet konu ortaya konmuştur ve marginal topic probability ile ilgili çekiciliği oluşturan konulardaki kelimelerin, ilgili çekicilik türündeki cümlelerdeki dağılımları gösterilmiştir.

Tablo 1’de tarih çekicilik türünde mimari, toplumsal hafıza, müze ve sanat kapsamında kelimelerin ilgili çekicilik türündeki yorumlarda daha çok kullanıldığı ve bunlardan en fazla mimari, en az ise müze unsurundaki kelimelerin kullanıldığı görülmüştür. Tablo 2’ de doğa çekicilik türünü oluşturan kelimelere bakıldığında, bu kelimeler de panoramik manzara, dağ, hayvanlar ve göl ile ilgili kelimelerin oluştuğu görülmüştür. Burada en çok dağılıma sahip olan konuyu manzara, en azı ise hayvanlar ile oluşturulduğu görülmektedir. Tablo 3’te ise insan yapımı olan çekiciliklerin konuları görülmüş olup, kış turizmi, parklar, alışveriş ve ulaşım ile ilgili kelimelerin bir araya geldiği ve bunlardan da en fazla kış turizmi, en az alışveriş konusunun dağıldığı görülmüştür.

Tablo 1. Tarih çekicilik türünün konu modelleme sonuçları

TARİH ÇEKİCİLİK TÜRÜ							
MİMARİ	Dağılım	Toplumsal Hafıza	Dağılım	MÜZE	Dağılım	SANAT	Dağılım
Marginal Topic Probability	0.360218	Marginal Topic Probability	0.329586	Marginal Topic Probability	0.103076	Marginal Topic Probability	0.199693

cathedral	0.0553142	monument	0.0528893	museum	0.0861758	art	0.0851309
church	0.0507704	park	0.0468671	hour	0.0510682	instrument	0.0507274
beautiful	0.049173	memorial	0.0431495	exhibit	0.0425852	music	0.0475057
orthodox	0.0353729	tree	0.0368214	spend	0.0425006	folk	0.0433161
wooden	0.0293969	war	0.0325079	collection	0.0412122	display	0.0385741
mosque	0.0252959	panfilov	0.0320651	english	0.04051	pleasant	0.0361879
Аңдатпа. Қазақстандағы туризмнің деңгейін қарастырылады. Мақалада этнотуризм түсінігін түсіндіру, Өзіміздің жеріміздегі, яғни Павлодар қаласында этнотуризмді дамыту жолдарын қарастырамыз. «Туризм» және «Этнотуризм» ұғымдардың мағынасын ашамыз. Қазақ халқының ерекшелігін көрсетіп, Павлодар қаласында этнотуризмнің ұсынылуын мен дамуына жолдар ұсыну.

Кілт-сөздер: Этнотуризм, туризм, Павлодар қаласының этнотуризмi, турлар, халық, мәдениет.

Аннотация. Рассматривается уровень туризма в Казахстане. В статье мы рассмотрим пути разъяснения понятия этнотуризма, развития этнотуризма на нашей земле, то есть в городе Павлодаре. Раскрываем значение понятий «Туризм» и «Этнотуризм». Показать особенности казахского народа и предложить пути к развитию и представлению этнотуризма в городе Павлодаре.

Ключевые слова: этнотуризм, туризм, этнотуризм Павлодара, туры, люди, культура.

Annotation. The level of tourism in Kazakhstan is being considered. In the article, we will consider ways to clarify the concept of ethnotourism, the development of ethnotourism on our land, that is, in the city of Pavlodar. We reveal the meaning of the concepts of "Tourism" and "Ethnotourism". To show the peculiarities of the Kazakh people and suggest ways to develop and present ethnotourism in the city of Pavlodar.

Key words: ethnotourism, tourism, ethnotourism of Pavlodar, tours, people, culture.

Туризм-адамның бос уақытында негізінен айтқанда жұмыстық, не мәлім міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылаумен емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін,

тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы.

Этнотуризм- бұл туристерді байырғы ортаға батыруды, жергілікті ұлттық мәдениетпен танысуды көздейтін мәдени-танымдық туризм бағыттарының бірі. Этникалық туризмді дәстүрлі экономикасын сақтау мен дамытудың ықтимал стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастыруға болады, мәдени мұраны сақтауға ықпал етеді және аумақтардың тұрақты дамуының факторы болып табылады.[1] Әлемдік тәжірибе туризмнің бұл түрі адамның бірқатар рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындығын дәлелдейді.

Этнотуризм-туристердің жергілікті халықтың мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен және әдет-ғұрыптарымен таныса алатын жерлерге баруы мен болуын қамтитын туризмнің бір түрі. Этнотуризмнің мақсаты – демалу мен көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар өз білімін байыту, мәдени айырмашылықтарды түсіну және құрметтеу.

Этнотуризм туристерге шынайы ортаға және жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасқа түсуге, олардың өмір салтын, дәстүрлерін, өнерін, музыкасын, тағамдарын және т.б. білуге мүмкіндік береді.

Этнотуризмді дамыту кезінде мәдени ерекшеліктерді құрметтеу қағидаттарын сақтау, жергілікті дәстүрлер мен мінез-құлық нормаларын сақтау және туризмнің жергілікті халықтың экожүйесі мен қоғамына әсеріне мұқият болу қажет екенін атап өткен жөн.

Этнографиялық туризмді ұйымдастырудағы ең маңыздысы-қатысушыларды әртүрлі этностардың дәстүрлері мен мәдениетімен таныстыру. Этнотуризм халықтың өзіндік ерекшелігін сақтау, нығайту және дамыту процессінің фундаменталды негізі болып табылады. Этнотуризм тек қана шетелдік қонақтарға емес, сонымен қоса белсенді өмір ырғағына үйреніп қалған, рухани демалуды іздейтін қала тұрғындарына да бағыттауға болады.

Этнотуризм нені ұсынады:

- Ұлттық киімдерді киіп, суретке түсу
- Халықпен бірігіп өмір сүру, олардың дәстүрімен танысу, шаруашылығымен айналасу

- Өзге ұлттың тілін үйренуге
- Мысалға, қазақтың киіз үйін құруға, ішін көруге, тұруға
- Ұлттық тағамдардың дәмін көріп, жасалуына болысуға
- Ұлттық ойындармен танысып, ойнауға
- Халықтың мәдениетімен, тарихымен танысу
- Салт-дәстүрдің өтуін тамашалауға
- Көріктіде, танымал жерлерді аралауға, және т.б

Этнотуризм халықтар мен этникалық топтардың мәдениетімен, әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен және өмір салтымен танысудың бірегей мүмкіндігін ұсынады. Бұл саяхатшыларға аутистикалық атмосфераға еруге және жергілікті тұрғындармен бірінші танысуға мүмкіндік береді. Этнотуризм аясында ұлттық мерекелерге, шеберлік сабақтарына қатысуға, дәстүрлі рәсімдерге қатысуға, нағыз ауылда немесе тайпаларда болуға болады. Этнотуризм құнды мәдени дәстүрлерді сақтауға және жеткізуге көмектеседі және экономиканың дамуына және жергілікті қауымдастықтардың өзін-өзі тануына ықпал етеді.

Туризмнің бұл бағыты халық арасында тез танымал болып келеді. Бұл туризмнің саласы халықтың өз ерекшелігін ашуға жіне елдің экономикасына өте тиімді болып табылады.

Ықтимал себептері:

- Шетелге саяхаттау өз елін зерттеуден гөрі көп уақытты қажет етеді, көп ақша мен күш жұмсайды.

- Туристердің бір бөлігі үшін білімге деген құштарлықты қанағаттандыру маңызды. Көптеген адамдар отбасы, халықтың тарихы маңызды.

- Саяхат-шаршауды күнделікті өмірден бейтараптандырудың бір жолы. Адамға жағдайды өзгерту, мұражайға бару немесе суреттерге қарау ғана емес, сонымен бірге халықтың мәдениеті мен өміріне ену, іс-әрекеттің тікелей қатысушысы болу маңызды.

- Этнотуризм - қоршаған ортаны қорғау мен әлеуметтік-экономикалық дамуды біріктірудің ең жақсы тәсілдерінің бірі. Бұл жергілікті турларға да, халықаралық турларға да қатысты

- Қатысушылар басқа елдердің мәдениетіне, олардың мұралары мен дәстүрлеріне көбірек қызығушылық танытады.

- Этнотуризм қол тигізбеген табиғаттың экономикалық құндылығын толық қамтамасыз етеді.

- Этнотуризм - жеке бағыттар бойынша мәдени туризмді ілгерілету мен дамытудың жақсы тәсілі.

- Этнотуризм, әдетте, дәстүрлі туризм үшін қажетті ірі инвестицияларды қажет етпейді.

- Этномәдени туризм туристердің халықтық салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптарға, әртүрлі этностардың шығармашылығы мен мәдениетіне қызығушылығына негізделген, олармен танысу жергілікті тұрғындардың тұру ортасына тікелей сезіну арқылы орын алады. Этнотурға бара отырып, турист ұлттық киімдермен және асханамен танысып, ұлттық мерекелер мен фестивальдарға қатысып, бірқатар рухани қажеттіліктерді қанағаттандыра алады.

- Туризмнің бұл түрі өзінің бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігіне байланысты сұранысқа ұшырайды.

- Жергілікті тұрғындарды уақытша жұмыс орындарымен қамтамасыз ету (экскурсоводтар, парк қызметкерлері, үй иелері және т.б.)

- Адамдарды қызықтыратыны, жол жүру кезінде олар мәдениеті пен тарихына енеді. Тағы бір жақсысы мұнда, көліктердің шуын емес, халықтың ұлттық тілімен, әндерімен танысуға және тындауға болады.

Этнографиялық туризм туристердің халықтардың шынайы өміріне деген қызығушылығына, халықтың салт-дәстүрлерімен, оның мәдениеті мен шығармашылығымен танысуға негізделген. Біздің заманауи, біртұтас әлеміміз адамның өзін-өзі анықтауға, оның тамырын табуға және зерттеуге, оның ерекшелігін түсінуге, өзінің тарихи мен мәдени дәстүрлерін иеленуге тырысуымен сипатталады. Ал, басқа этностар мен мәдениеттер туралы білім туристке өзінің ерекше даралығына ие әр түрлі халықтар әлемінің нақты және тұтас бейнесін жасауға мүмкіндік береді.

Павлодар қаласында этнотуризм түсінігі аз қолданылады. Қазақстанның басқа қалаларымен салыстырғанда, Павлодарда этнотуризм мүлде дамымаған. 1-2 этно турлар болуы мүмкін, бірақ олар әлі даму процесінде жүр.

Павлодар қаласында этнотуризмді қалай дамытса болады?

1. Бізге ең алдымен инфрақұрылым, сол жолдар, қонақ үйлер, Кемпингтер қажет. Мұның бәрін мемлекеттік - жекеменшік әріптестік арқылы жүзеге асыруға болады. Яғни, туристерге әлі де ыңғайлылық қажет. Өзіміздің туристерді де тарту керек. Қазақстандықтардың арасында өз тарихын білуге, қасиетті жерлерге баруға, өз Отанын жақсы білуге ниет білдірушілер көп. Шетелдіктер тағы да көшпелі мәдениетке қызығушылық танытады, олар жайлауда болғысы келеді, киіз үйде өмір сүргісі келеді, балық аулауды, атқа мінуді, киіз үйді орнатуға, тамақ дайындауға қатысқылары келеді. Тарихи құнды дүниелерімізді дұрыс сақтай алмай отырғанымыз. Қажетті ақпараттарды нұсқаушылар өзі қызықты етіп жеткізе алмайды. Этнотуризм – ұлттың барлық әдет-ғұрпы, салты, жөн-жоралғысы. Дәл қазір шетелдіктер тек осы дүниелерге қаты қызығады. Осындай құндылықтарымызды жандандыру арқылы этнотуризмді дамытамыз. Ал этнотуризмнің дамығаны – ел тарихының көркемдеуі.

2. Мамандардың жетіспеушілігі, мемлекеттің этнотуризмді дамытуға арнайы бөлінетін қаражаттың жетпеуі, Павлодар қаласындағы жарнама бағытының дамымауы секілді проблемаларды шешу керек.

3. Туристерге этнотур қызықты өтуі үшін, мысалға: қонай үй емес, көп киіз үйлер салып, туристерді қызықтыруға болады. Киіз үйдің ішінде қазақи нақыштағы дизайн болса, сосын ұлттық киім мен тағамдарды тарту етуге болады.

4. Туризм нұсқаушылары тарихымыз-мәдениетімізді жақсы білуі керек. Олардың ұлттық киімде жүргені, туристерге күшті әсер қалдырады деп ойлаймын.

5. Туристермен ұлттық фотосесия жасауға болады. Мысалы, жайлауда, әсем табиғатпен, жылқымен естелік үшін жасауға болады, тіпті бұл процесстің өтуі туристерге қызық болады.

6. Мәдени іс-шараларды, фестивальдерді, жәрмеңкелер мен көрмелерді ұйымдастыру

7. Жергілікті көрікті жерлерге, мұражайларға, ұлттық саябақтарға және көрнекті орындарға баруды қамтитын туристік маршруттарды әзірлеу және ілгерілету.

8. Ұлттық қолөнерді, аспаздық дәстүрлерді, музыка мен биді зерделеу бойынша мастер-класстар өткізу.

9. Жергілікті тұрғындарда тұруды, олардың күнделікті өміріне қатысуды және дәстүрлі іс-шараларға қатысуды қамтитын ауылдық туризмді дамыту және ілгерілету.

10. Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарын, мәдениеті мен қолөнерін көрсететін мамандандырылған іс-шаралар ұйымдастыру.

11. Қазақстанның мәдениеті мен тарихын зерттеуге мүдделі шетелдік туристерді тарту үшін маркетингтік науқандар мен жарнамалық акциялар өткізу.

12. Аймақтың дәстүрлері мен табиғи ресурстарын сақтайтын тұрақты және жауапты туризмді дамыту үшін жергілікті қауымдастықтармен және ұйымдармен ынтымақтастық.

13. Туристерді тарту және оларға өңірдің мәдени мұрасын көрсету үшін Наурыз, Құрбан айт, жабыр кастеру сияқты дәстүрлі қазақ іс-шаралары мен мерекелерін ұйымдастыру.

14. Туристерге өңірдің мәдениеті мен дәстүрлерінің бірегейлігін көрсету үшін ұлттық қазақ қолөнері және аспаздық бойынша шеберлік сыныптарын өткізу.

15. Мұражайлар, мешіттер, ежелгі салт-дәстүрлер сияқты Павлодардың тарихи және мәдени көрікті жерлеріне тақырыптық турлар мен экскурсиялар жасау.

16. Жарнамалық науқанды өткізу және Павлодарды халықаралық деңгейде этнотуризм үшін орын ретінде ілгерілету.

Этнотуризм - қазіргі уақытта көптеген елдерді қызықтыратын мәдени-танымдық туризм бағыттарының бірі. Әлемдік тәжірибе туризмнің бұл түрі адамның бірқатар рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындығын дәлелдейді. Этнотуризм ұйымдастырудағы ең маңыздысы қатысушыларды әртүрлі этностардың дәстүрлері мен мәдениетімен таныстыру болып табылатындықтан. Біз өзіміздің тұрған жерімізде этнотуризм саласын дамытуға өз үлесімізді қоса аламыз.

Павлодар-бай мәдени мұрасы мен бірегей табиғи көрікті жерлері бар Қазақстандағы ірі қалалардың бірі. Павлодарда этнотуризмді дамыту туристерді тарту және өңір экономикасын дамыту үшін маңызды бағыт бола алады.

Павлодар қаласында этнотуризмнің дамуы жаңа туристерді тартуға ғана емес, сонымен қатар өңірдің мәдени мұрасын сақтауға және ілгерілетуге ықпал етуі мүмкін.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Этнотуризм как одно из направлений культурно-познавательного туризма – тема научной статьи по прочим социальным наукам читайте бесплатно текст научно-исследовательской работы в электронной библиотеке КиберЛенинка (cyberleninka.ru).

2. <https://old.elorda.info/kk/analytics/view/kazakstandagy-turizmnin-halikalay?ysclid=lazopag99i134660396>.
3. <https://kznews.kz/lifestyle/qazaqstanda-jetno-madeni-turizmin-damytu-aleueti/?ysclid=laznll0s9481248649>.
4. <https://zclub-caspian.ru/turizm-stati/etnicheskij-turizm-kuda-poexat/.html?ysclid=lazrqfpakw499410124>.
5. <https://zharar.kz/jospar/id/11028?ysclid=lazsogcff5613390558>.
6. <https://eurasmedia.ru/sostoyanie-i-perspektivy-razvitiya-etnicheskogo-turizma-v-respublike-kazaxstan/?ysclid=lb9n60u8ql585142744>.
7. <https://cyberleninka.ru/article/n/etnoturizm-kak-novoe-napravlenie-turindustrii-znachenie-i-factory-sotsialno-ekonomicheskogo-razvitiya/viewer>.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

БОЛПАКОВА А.М., студент

e-mail: maya_b03@bk.ru

ДӘУІТ Ж., аға оқытушы

Торайғыров университеті

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасы аймағының туристік-рекреациялық әлеуетіне арналған. Павлодар облысының туристік-рекреациялық әлеуетінің және рекреациялық ресурстарының сипаттамасы берілген. Павлодар облысындағы туризмді дамытудағы мәдени нысандардың рөлі айқындалды. Облыстың туристік инфрақұрылымына қысқаша талдау жасалды.

Аннотация. Статья посвящена туристско-рекреационному потенциалу региона Республики Казахстан. Дана характеристика туристско-рекреационного потенциала и рекреационных ресурсов Павлодарской области. Определена роль объектов культуры в развитии туризма в Павлодарской области. Проведен краткий анализ туристической инфраструктуры региона.

Annotation. The article is devoted to the tourism and recreational potential of the region of the Republic of Kazakhstan. The characteristics of the tourism and recreational potential and recreational resources of the Pavlodar region are given. The role of cultural objects in the development of tourism in the Pavlodar region is determined. A brief analysis of the region's tourism infrastructure is carried out.



Сурет 1 – Павлодар облысы географиялық картада

Павлодар облысының туристік инфрақұрылымының негізгі қатысушылары туристік қызметті қамтамасыз етушілер болып табылады. Қазіргі уақытта Павлодар

облысында туристік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар 72 туристік ұйым қызмет етеді. Облыс аумағында: 22 қонақ үй, 1 санаторий, 3 санаторий профилакторий (ведомстволы), 3 демалыс үйлері, 500-ден астам қоғамдық тамақтану объектілері, 11 музей, 19 жол бойындағы кафелер орналасқан. Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Қазақ Советті Социалистік Республикасы Министрлер кеңесінің «Павлодар облысының әкімшілік ауданында ұлттық парк құру туралы» № 276 қаулысымен 1985 жылы 12 тамызда құрылған, жалпы ауданы 68452,8 га құрайды. Жұмбақ жотасына таяу Әулиетас үңгірі бар. Үңгір ұзындығы 30 м-ге жуық, орта ені мен биіктігі – 2 м., 4 – тен 7 – метрге дейін жететін күмбезі бар. Оның тереңдігінде үлкен ойық бар, түрі суға толы тасты кесе сияқты. Торайғыр көлі бойындағы жолдың кез келген орнынан Жасыбай өзеніне қарай кемпірдің басына ұқсас тас бар. Үңгір мен жықпыл жартастағы суреттер ертедегі адамның өмір сүргенін дәлелдейді.

Баянауыл – шөлейтті даланың ортасындағы көркем орын. Тау жартастары мен жоталары өсімдіктің көптігімен және бір біріне ұқсамайтындығымен таң қалдырады. Туристік сурлеумен жүріп, осы өлкенің қарттарымен танысып, сөйлескеннен кейін сіз Қазақстанның осы бір тамаша, әдемі жері туралы ойыңызды кеңейтесіз.

БМҰТП аумағында 35 демалыс үйі, оның ішінде: Жасыбай көлі жағалауында – 28, Сабындыкөлде – 5, Торайғыр көлінде – 2 демалыс үйлері мен 2 балалар лагері орналасқан, олар жаз мезгілінде жатар орындар, қайықтар, катамарандар, экскурсияларға арналған автобустар, мәдени шаралар ұсынады. Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында туризмді дамыту мақсатында жалпы ұзындығы 208,5 шақырымды құрайтын 11 туристік маршрут және 1 ботаникалық соқпақ жол әзірленіп, бекітілген. Павлодардың солтүстік-шығысында «Мойылды» шипажайы орналасқан. Бұл табиғи ресурстарға бай, ауруды емдеу және алдын алуды ұйымдастыру, сонымен қатар халықтың демалыс орны болып табылады. Санаторийде ішек-қарын ауруларын, зат алмасу аурулары мен эндокриндік жүйе, ауыр металдармен кәсіби улану, тері және басқа да ауруларды емдеуге арналған минералдық су бастамасы бар. Санаторийдің емдік батпағының пайдасы туралы мемлекетімізден тыс алыс жерлерге де тарады. Емделуге алыс шетелдерден, кейде Германиядан, ТМД елдерінен, Ресейден, Белоруссиядан пациенттер келеді. Емделудің ерекшелігі сауықтыру орнындағы жоғары минералданған тұнбалы лай мен батпақтан тұратын табиғи көлге байланысты. Павлодар облысының шығыс бөлігінде Ертістің оң жағалауында «Ертіс орманы» Мемлекеттік табиғи орман резерваты» орналасқан. Шекара ұзындығы 556 шақырым. Қазақстандағы туризм саласындағы мемлекеттік саясат Мемлекет туристік саясат жүйесінде ерекше орынға ие.

Туризмнің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес туристік саланың төмендегідей негізгі:

- туристік іс- әрекетті мемлекеттік реттеу;
- туризмді мемлекеттік реттеудің жүйесін жетілдіруге жаңаша көзқарас қажет.

Туризмді кешенді дамытуды сәтті іске асыру саланы мемлекеттік реттеу. Қазіргі кезеңдегі туризм саласын мемлекеттік реттеу төмендегідей шараларды іске:

- республикалық және өңірлік деңгейдегі туризмнің дамуының саясаты;
- туристік индустриядағы қатынастарды жетілдіру және ретке келтіру;
- туристердің қауіпсіздігі мен олардың қорғалуын қамтамасыз ету;
- статистика мен зерттеу іс;
- әрекетін жетілдіру;
- туризмге кәсіптік мамандарды даярлау, оқыту мен оқу стандарттары;
- туризм саласында министрліктер мен ведомстволар, мемлекет пен жеке;
- туризмді дамыту барысында жерді пайдалану мен құрылыстар салуда;
- туристік ұйымдардың тарифтеріне, іс - әрекеттерінің лицензиялануына;

- ел абыройын көтеру, маркетинг бойынша басым шараларды анықтау;
- ел арасында туризмнің және қоршаған ортаны қорғау құндылықтары;
- түрлі әлеуметтік – демографиялық категориялар мен адамдардың топтары;
- визалық және кедендік әрекеттерді оңайлату;
- мемлекеттік туристік орындарды сақтау және жасау;
- туризм инфрақұрылымының мңызды базалық компоненттерін жасау.

1. Өңірдің туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау

Павлодар өңірінің өсімдік қабаты ала - құлағымен ерекшеленеді. Даланың облыстық оң жағалуы бөлігінде Желензин және Қашыр аудандарының солтүстік облыс емдік шөптерге бай. Тек Ертістің жайылма алқабының өзінде Ертіс өңірінің ормандарында жемістері дәрумендерге бай, жеміс – жидектер бай - тал қымыздық т.б.

Экзотикалық жыртқыштардан қарағай алқаптарында сілеусінді кездестіруге болады. Соңғы кездері ежелгі даланың дәстүрлі тұрғындары – қарақұс және бүркіттер. Лесуха - бақшалылар отбасының өкілі облыс территориясында алты түрі бар. Елік - бұғы отбасының ең кішкентай түрі. Аңшылық Бұлан- бұғы отбасының ең ірі өкілінің бірі. Аңшылық - Ареалы мен саны бойынша ұсынылатын эксплуатациялы популяциясы Павлодар облысының Байбақ- суыр кемірушілер отрядының өкілі.

Павлодар қаласының туристік әлеуеті мәдениеті мен тарихы, туристік ұйымдар, қонақ үй шаруашылығы, көлік кешендері мен байланыс, жолдамалар Бағдарламаның іске асуы барысында ішкі және сырттан келетін туристерді зерттеу қажет. Сырттан келетін туризм көлемін 2006 жылы 50 туристен 2008 Бағдарламада өңделген шаралар туристік ағымдардың облыс ішіндегі және шет облыстағы туризмді дамытудың жай - күйі. Павлодар облысының өз туристік өнімін өткізу және қызмет көрсету саласын кеңейту.

Туристік, қонақүйлік және көліктік қызметтердің сапасын арттыру. Сонымен қатар мәселенің қазіргі жай-күйін талдау.

Қазір облысымызда туристік сала дамуына байланысты шешімдер:

- Мемлекеттік және жеке меншік менеджменттің тиісті деңгейде болуы;
- Облыстағы туристік орындардың инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыздандыру;
- Павлодар облысының туристік имиджін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- Туристік қызметтің ішкі және сыртқы нарығында Павлодар облысының түрөнімінің қозғалыстық бағдарламасын жасау;
- облыстық, аймақаралық туристік семинарлардың, жәрменкелердің, слеттердің, көрмелердің өткізілуіне;
- сырттан келетін және ел ішілік туризмді дамытуға қатысты туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Туризмді дамытудың негізгі факторларының бірі туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

- туристік кадрлардың арнайы дайындығын және туристерге қызмет көрсету. Қорғалу және болуы мүмкін қауіптерден сақтану, каратин және аса Туристік саланы ақпаратпен қамтамасыз ету. Туризмді дамыту, табиғатты, қорықтарды Облыстық туристік өнімнің мүмкіндіктері мен құндылықтарын насихаттау жөнінде жарнамалық - туристік саланы ақпаратпен қамтамасыз ету.

2. Павлодар облысының табиғи, рекреациялық және мәдени нысандары

Павлодар облысы Солтүстік Қазақстан жазығының орталығында орналасқан және Қазақстанның ең ірі облыстарының бірі болып табылады. Ол табиғи ресурстарға, рекреациялық аймақтарға және мәдени нысандарға бай.

Табиғи нысандар:

- Облыс арқылы өтетін Ертіс өзені Солтүстік Қазақстанның ең ірі өзені болып табылады және көптеген ауыл шаруашылығы жерлерін сумен және суарумен қамтамасыз етеді.

- Облыстың батысында орналасқан Павлодар көлі Солтүстік Қазақстандағы ең ірі көл және балық аулау мен демалу үшін танымал орын болып табылады.

Рекреациялық нысандар:

- Баянауыл ұлттық паркі-Павлодар облысындағы Екібастұздан 100 шақырым жерде орналасқан бірегей табиғи аймақ. 1985 жылы құрылған саябақ Қазақстандағы ең әдемі саябақтардың бірі болып саналады. Сондай-ақ, ол Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының тізіміне кіреді.

- «Жасыбай» курорттық кешені облыстың солтүстігінде орналасқан және шаңғы спорты, жаяу серуендеу сияқты түрлі демалыс түрлерін ұсынады

Мәдени нысандар:

- Павлодар облысының тарих және мәдениет мұражайы павлодар қаласында облыстың тарихы мен мәдениеті туралы білуге болатын аймақтағы ең ірі музейлердің бірі болып табылады.

- Павлодар қаласындағы «Мәшһүр Жүсіп» мешіті Қазақстандағы ең ірі мешіттердің бірі болып табылады және облыс мұсылмандары үшін мәдени және діни орталық болып табылады.

Бұл нысандар және тағы басқалар Павлодар облысын туризм мен демалыс үшін тартымды орынға айналдырады, сондай-ақ Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін қызықты орынға айналдырады.

Сілетітеңіз (ауданы 965 км²), Жалаулы (398 км²), Қызылқақ (180 км²), Үлкен Әжболат (110 км²), Маралды (80 км²). Тұщы көлдер көбінесе Ертіс жағасы мен облыстың солтүстік бөлігінде тараған. Одан оңтiстiкке қарай тұзды көлдер саны арта береді. Жер асты суларының құрамы әр түрлі. Сарыарқа жағындағы тау жарықшақтарында жер асты сулары жер бетіне әр түрлі бұлақтар арқылы шығады. Жалпы, облыс аумағында тәулігіне 3816,5 мың м³ болатын пайдалануға жарайтын жер асты суының 11 кен орны барланған. Қазіргі кезде тәулігіне 118,5 мың м³ су беретін 6 су көзі пайдаланылады. Жер асты суының негізгі горизонты Ертіс артезиан алабында орналасқан. Мұнда судың минералдығы 4,4 – 5,5 г/дм³. Құрамы бромды, йод-бромды келген. Олардың жалпы минералдығы 8,0 г/дм³.

Павлодар өңірі археологиялық ескерткіштерге де (өңірде көптеген тұрақтар, қорымдар, обалар, қоныстар бар), мәдени демалыс орындарына да бай. Бұл бөлімдеаумақтың негізгі назар аударарлық орындары, ғимараттар мен құрылыстар, ескерткіштер, мемориалдар, мүсін объектілері мен діни құрылыстар туралы ақпарат беріледі.



Сурет 2 - Ертіс өзені

Павлодар рекреациялық туризм саласын дамыту үшін барлық керекті алғышарттар мен перспективаларға ие. Облыстың бірегей табиғатын өңірлік қана емес, сонымен қатар

әлемдік маңызы бар біртұтас табиғи-тарихи ескерткіш ретінде қарастырған жөн. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы рекреациялық қызмет пен туризмге байланысты проблемаларды талқылау барлық мүдделі мемлекеттік құрылымдар мен туроператорлардың арнайы талқылауының нысанасына айналуға тиіс.

Павлодар қаласының туризмді дамыту үшін үлкен әлеуеті бар, осы секторды дамыту үшін әлсіз жақтарын жою және мүмкіндіктерді пайдалану бойынша күш-жігер қажет. Экологиялық таза туризмді дамыту және туристерге көбірек келушілерді тарту және аймақтағы туризмнің экономикалық әсерін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау маңызды.

Павлодардың бірегей табиғатын сақтау үшін Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісі құрылды

Өз кезегінде, өңірдің қолда бар туристік әлеуеті анықталған проблемаларға байланысты тиісті деңгейде іске асырылмайды, олардың негізгілері мыналарды қамтиды: туризмнің маркетингтік жүйесінің тиісінше жұмыс жүзеге асырылады: әлеуетті туристер үшін негізгі туристік ақпараты бар сайт құру және әлеуметтік желілерде қызығушылықтар бойынша беттер ашу және жүргізу.

Өңірде туризмді дамытудың ұзақ мерзімді перспективасына маркетингтік жүйені құру және оның тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету ұсынылады, оның негізгі міндеттері: Туристік қызметтер нарығын, отандық және шетелдік әріптестердің ұсыныстарын іске асыру және белсенділігін зерттеу; туристік қызметтерге сұранысты зерделеу және болжау, басқару органдарының сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге қатысты тиісті бастамаларын енгізу; туристік қызметтердің құрылымы мен туристік ағындардың бағыттары, оларды болжау және т. б. болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Павлодар_облысы#Климаты.
2. <https://textbook.tou.edu.kz/books/190/3.html>.
3. [https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=210.](https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=210)
4. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000485.](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000485)
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Сілетітеңіз.>
6. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қызылқақ_\(көл,_Павлодар_облысы\).](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қызылқақ_(көл,_Павлодар_облысы).)
7. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Маралды_\(Павлодар_ауданы\).](https://kk.wikipedia.org/wiki/Маралды_(Павлодар_ауданы).)
8. [https://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=164.](https://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=164)
9. Кузнецова З. В. Павлодарская область. Алматы, 1985, 5с.
10. Арефьев В. Е. Введение в туризм: Учебное пособие.
11. <https://strategy2050.kz/news/pavlodar-oblysyny-damuy-investitsiya-auyl-sharuashyly-y-zh-ne-zhol-m-seleleri/>.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ТУРИЗМНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

ЗӘРУБЕК АРУНА ТҮРСЫНБЕКҚЫЗЫ, магистрант

e-mail: zarubekova0101@mail.ru

Ғылыми жетекші: Сыздықбаева Б.Ұ., э.ғ.д., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада еліміздің оңтүстік өңіріндегі Жамбыл облысындағы киелі туризмнің қазіргі жағдайы мен оның даму мүмкіндіктері қарастырылды. Басты мақсат аймақтағы киелі туризмнің ағымдағы жағдайын қарастыра отырып, оның дамуына оң және теріс әсер ететін факторларды анықтай отырып, оның туристтер арасында сұраныс пен тартымдылығын арттыру болып табылады. Сонымен қатар, Жамбыл облысындағы киелі туристік-рекреациялық орындарға сипаттама беріледі. Зерттеу объектісіндегі мәдени мұра

ескерткіштері, тарихи құндылығы бар жерлер, діни орындар мен кесенелер және киелі саналатын басқа да географиялық жерлердің көп шоғырлануы, оларға қажылық мақсатында туристтердің келуі аталған облыстағы киелі туризмнің дамуына біршама әсер ететіні анықталды. Яғни, Жамбыл облысындағы киелі туризмнің дамып, әсерлі жылжытылуы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешімін табуға ерекше үлес қосатыны анықталды. Киелі туризмнің жеке бағыт ретінде тиімді әрі әсерлі жылжытылуы үшін және оның даму әлеуетінің жоғары болуы үшін жасалу қажет іс-шаралар тізімі ұсынылады.

Тірек сөздер: киелі туризм, туристтік тартымдылық, туристтік-рекреациялық орын, жылжыту.

Annotation. The article considered the current state of sacred tourism in Zhambyl region in the southern region of the country and the possibilities of its development. The main goal is to increase the demand and attractiveness of sacred tourism among tourists by identifying factors that have a positive and negative impact on the development of sacred tourism in the region. In addition, a description of the sacred tourist and recreational sites of Zhambyl region will be given. It was found that the object of the study is a large concentration of monuments of cultural heritage, places of historical value, religious sites and mausoleums and other geographical places considered sacred, the visit of tourists to them for the purpose of pilgrimage has a significant impact on the development of sacred tourism in this region. In other words, it was found that the development and effective promotion of sacred tourism in Zhambyl region makes a special contribution to solving socio-economic problems in the region. A list of activities that need to be done in order to effectively and effectively promote sacred tourism as a separate direction and have a high potential for its development is proposed.

Key words: sacred tourism, tourist attraction, tourist and recreational place, promotion.

Кіріспе

XXI ғасырда туризм индустриясы дүниежүзінде табысы жоғары саланың бірі болып табылады. Әр мемлекет үшін туризм индустриясының халықтың тұрмысын жақсартуға, жұмыссыздықты азайтып, ел экономикасын арттыруға тигізетін үлесі өте көп.

Елдегі туристтік индустрияның дамуы инфрақұрылымның жақсаруына және сапалы болуына біршама әсер етеді. Бұл туристік-рекреациялық мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланып, туристік маркетингті дамытқан жағдайда ғана орын алатын құбылыс.

Ең алдымен ішкі туризмді дамытуды ұмытпаған жөн. Қазіргі уақытта елдегі ішкі туризмнің біртіндеп дамып, жергілікті халықтың қызығушылығын оятуда біршама үлес қосатын осы тарихи-мәдени маңызы зор ескерткіштер мен аймақтар. Алайда, елде киелі туристік аймақтар жеткілікті болғанымен, жергілікті тұрғындар мен шетелдік туристтер арасында айтарлықтай сұранысқа ие емес.

Жамбыл өңірінде жүздеген тарихи-мәдени мұра жәдігерлер, құлшылық ету орындары болып табылатын бірнеше мәдени және діни объектілер бар. Бұл XIV ғасырға жататын Тектұрмас кешені, XII ғасырдағы Қарахан кесенесі, Айша биби кесенесі, Бабаджа хатун кесенесі және ерте ортағасырлық көне Тараз қалашығы.


Зерттеу барысында Жамбыл облысындағы киелі туристтік объектілерге сипаттама беріліп, аймақтағы туризмнің дамуына тигізетін үлесі зор екендігі анықталмақ. Сонымен қатар, сұраныс мәселесін шешу жолдарын анықтау үшін өңірдегі киелі туризмнің даму әлеуетін зерттеп, оған баға беру керек. Барлығына белгілі жайт, туристік тартымдылық оның әлеуетімен анықталады, ал киелі туризмнің әлеуеті туристік ресурстардың, киелі туризмді тұтынушыларды қанағаттандыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде ұсынылады.

Жамбыл облысында киелі туризмді дамытудың туристтік – рекреациялық әлеуеті

Жалпы Қазақстан Республикасының мәдени әлеуеті туризмді дамытудың басты факторларының бірі болып табылады, өйткені мәдени мұрамен танысу бұл ынталандырудың күшті мотиві. Мәдени мұра объектілері дегеніміз табыс әкелетін және өңірдің экономикалық дамуына әсер ететін қазіргі заманғы қалалардың басты және маңызды активі. Сонымен қатар бұндай туристік-рекреациялық әлеуеттің әлеуметтік салада да зор маңызы бар. Табиғи рекреациялық қорлар, тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны бойынша Қазақстан Қытай, Үндістан, Таяу Шығыс және Жерорта теңізі елдерінен кем түспейді. Көптеген көрнекті орындар ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы бұл 25 мыңнан астам археология, тарих, сәулет, мәдениет және өнер ескерткіштері, 2 млн. 56 мыңнан астам мәдени құндылықтар бірлігі және олардың көпшілі елдегі 89 мемлекеттік музейлерде орналасқан.

Жамбыл облысының да елдегі басқа аймақтар секілді киелі туризмді дамытудың туристік-рекреациялық әлеуеті зор. Аймақтағы туристік-рекреациялық ресурстарға тоқталмас бұрын «рекреация» сөзіне жалпы түсініктеме беріп кетейін. Рекреация дегеніміз - латын тілінен аударғанда «күш жинау», ал поляк тілінен аударғанда «демалу» деген мағынаны білдіреді. Рекреациялық қорлар негізінен табиғи және антропогендік болып екіге бөлінеді. Табиғи қорлар дегеніміз өзі атында айтып тұрғандай ормандар, таулы аймақтар, теңіз жағалаулары және өзен жағасы секілді ресурстарды қамтиды. Ал антропогендік қорларға тарихи-архитектуралық көрікті жерлер жатады. Осы жоғарыда аталған рекреациялық ресурстарды тамашалап, бос уақытты дұрыс пайдаланып демалу туризм болып табылады. Туризмнің демалушылардың эстетикалық рахат алып, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын ерекше бір түрі - танымдық туризм. Яғни, туристтер табиғи орындарды немесе көп жағдайда мәдени-тарихи ескерткіштерді көріп, тану арқылы өздерінің рухани құндылықтарын арттырады [1].

Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет басқармасының тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының деректері бойынша Жамбыл облысында мемлекеттік есепте 1080 ескерткіш тұр, оның ішінде 844-і археология ескерткіштер, 111-і тарихи ескерткіштер, 97-сі сәулет ескерткіштері, ал қалған 28-і монументалды өнер ескерткіштері. 1-суретте әрқайсысының пайыздық үлестері көрсетілген.



Сурет 1 - Жамбыл облысында мемлекеттік есептегі ескерткіштер

Жамбыл өңірінде жүздеген тарихи-мәдени мұра жәдігерлері орналасқан. Тарихи жылнамаларда Жамбыл облысының аумағы мемлекет үшін маңызы зор артефактілердің басым бөлігі орналасқан "Шу-Талас алқабы" деп белгіленген. Орта ғасырлардағы сақталған сәулет ескерткіштерінің ішінде мазар-қабірлер, кесенелер ерекше орын алады. Олар


құрылыс материалдарының шектеулі жиынтығына қарамастан ерекше құрылымдар жасаған суретшілердің, құрылысшылардың шеберлігін көрсетеді. Жамбыл облысында құлшылық ету орындары болып табылатын бірнеше мәдени және діни объектілер бар. Олардың қатарына халық арасында танымалдылыққа ие Қарахан кесенесін, Айша бибі мен Бабаджа хатун кесенелерін жатқызамыз. Олардан бөлек Тектұрмас кешені және Көне Тараз қалашығы секілді тарихи маңызы зор мәдени мұралар да бар.

Жоғарыда аталған танымал ескерткіштерден бөлек Жамбыл облысында басқа да ірілі-ұсақты тарихи мұралар жетерлік. Бұндай жәдігерлер қатарына ұзақ жылдар бойы зерттеліп келе жатқан Ақыртас қаласын, XIII ғасырға тиесілі Шамансұр немесе Дәуітбек кесенесін, XIX-XX ғасырларда салынған Қали Жүніс моншасын, XIX ғасырдағы Әбдіқадір мешіт-медресесін жатқызуға болады [2].

Зерттеу нысанының тартымдылығы және дамуына әсер ететін факторлар

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы негізінде «Киелі Қазақстан» Орталығы он тарихи-мәдени мұра орнын бөлген болатын. Орталықтың мәліметтері бойынша елдегі киелі маңызы бар 10 орынға Жамбыл облысындағы Айша бибі және Бабаджа хатун кесенелері кірді. Бұл кесенелер қажылық мақсатпен келген жергілікті және шетелдік туристтер үшін ерекше киелі орын болып табылады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы бес жылда Жамбыл облысына жеке және іскерлік-кәсіби мақсатта келушілер саны біртіндеп артуда. Негізінен жеке сапар мақсаттарына еңбек демалысы, туыстар мен достарға бару, білім және кәсіби дайындықтар, емдік және сауықтыру емшаралары, транзит, дін және қажылық жатады. Ал іскерлік-кәсіби сапар жеке сала ретінде қарастырылады. 2-суретте 2017-2021 жылдар аралығында зерттеу аймағына келушілердің сапар мақсаттары бойынша орналастыру орындарына бөлу деректері көрсетілген [3].



Сурет 2 – Жамбыл облысына келушілердің (2017-2021 жж.) сапар мақсаттары бойынша орналастырылуы

Көріп отырғанымыздай, киелі аймаққа жеке мақсатта келетін резиденттердің саны басымрақ. 2017 жылдан бері динамикалық түрде біртіндеп жоғарылап келе жатқан көрсеткіштер 2020 жылы дүниежүзілік пандемияға байланысты бірден төмендеп кеткен

болатын. Яғни, 2019 жылмен салыстырғанда 13 975 адамға кеміген, пайыздық көрсеткіш бойынша 13%–ға төмендеген. Ал 2021 жылы елдегі ішкі туризмнің танымалдылыққа ие болуына байланысты келушілер саны артып, көрсеткіш 35%-ға өскен (32 683 адам).

Жамбыл облысы аумағындағы киелі туризмнің дамуын тежеп тұрған біршама факторлар анықталды.



Сурет 3 – Жамбыл облысындағы туризмнің дамуына әсер ететін факторлар

Жоғарыда аталған факторларды үлкен мәселе ретінде қарастыруға болады. Жамбыл облысында шоғырланған табиғи және киелі ресурстарды киелі туризмді дамыту мақсатында дұрыс пайдалана отырып, аймақтағы инфрақұрылым жағдайын жақсартса, аймақтағы ішкі туризмді дамыту мүмкіндігі зор болары анық.

Қорытындылай келе, зерттеу аймағындағы туризм саласын дамыту жолдарын ұсынғымыз келеді.



Сурет 4 - Жамбыл облысында туризмді дамыту жолдары

Өңірлік туризм Жамбыл облысы экономикасын дамытудың негізгі құралы болуы үшін бірнеше міндеттемелер мен жобаларды қарастыруға болады. Ең маңыздысы, ол маркетинг, яғни жарнамалық қызметке ерекше назар аудару керек. Танымалдылыққа ие бола алатын бренд қалыптастырып, әр түрлі БАҚ, жарнама түрлерін пайдалана отырып тартымдылықты арттыру, оның ішінде интернетте, әлеуметтік желілерде, арнайы туристік сайттарда, қауымдастықтарда, форумдарда және тағы да басқа орындарда жарнамалау. Орта ғасырларлық тұрмыс пен мәдениетті толық жеткізе алатын тарихи-мәдени объектілерде анимациялық бағдарламалар ұйымдастырылуы қажет.

Сонымен қатар, аудандарда қазақ халқының мәдениетіне енгізілетін, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын баяндайтын туристік өнімдер, археологиялық турлар мен демалушылардың есінде қалатындай кәдесый өнімдерін ұсынатын жәрмеңкелер мен көрмелерді әр жыл сайын өткізу керек.

Қазіргі ХХІ ғасыр талабына сай, заманауи технологияларды қолдана отырып, мәдени нысандарды көрсету барысында келушілердің қызығушылығын тудыратын 3D көрсетілімдер, аудио анықтамалар немесе бірнеше тілді игере алатын онлайн гид қызметтерін қолдану қажет.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, облыс үшін көрші облыстармен ынтымақтастық орнату өте тиімді болатыны анық. Мысалы, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің таңғажайып сарайлары мен ғибадатханалар кешені орналасқан көршілес Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістанға баратын туристер мәдени - танымдық және қажылық мақсатында Жамбыл облысына сапарларын жалғастыра алады.

Келушілер үшін ең маңызды мәселенің бірі – ол орналасу мен транспорт қызметі және олардың бағаларының тиімді болуы. Облыс қалалары мен аудандарында өңірлік дамудың басым бағыттары бойынша қонақ үйлер мен хостелдер желісін, жалпы аймақтағы инфрақұрылымды жақсарту керек. Қосымша халықаралық жастар лагерлерін, студенттер мен оқушылар үшін жыл бойы білім беру лагерлерін құруды қамтитын бірегей тур маршруттарын құруға болады.

Осы іс-шаралардың барлығы экономикалық дамудың жаңа бағыттарын қалыптастыруға ықпал ететін қызмет көрсету саласында ерекше өнім жасай отырып, Жамбыл облысында киелі туризмнің дамуына ерекше ықпал ететіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Туристическая индустрия. Туристический бизнес. – М. – Афины: INFORGROUP, 1994. – 408 с.
2. Жамбыл облысының әкімшілік құрылысы. Жалпы ақпарат. [Электрондық ресурс]//Жамбыл облысының ресми интернет сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl/activities/6937?lang=kk>.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. [Электрондық ресурс]// <https://stat.gov.kz/official/industry/22/publication> Негізгі / Ресми статистика / Салалар бойынша / Туризм статистикасы/Жарияланымдар/ Қазақстан туризмі. Статистикалық жинақ. 2017-2021 жж.
4. Такибаева С.К. Көгілдір күмбез құпиясы. [Bluedome mystery] Астана, Аударма, 2015.–110-112.
5. Kirdasinova K.A.,Golovkin G.G. Razvitie turizma v Kazakhstane [Tourism development in Kazakhstan] // Nauchnyestremleniya–2017.–No17.–69-76s.

ТУРИСТІК ФОРМАЛЬДЫЛЫҚТАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР: ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ

ҚАНАШ АЙГЕРІМ ҒАНИҚЫЗЫ, студент

e-mail: aigerim.kanash@narxoz.kz

БЕРДІҒАЛИ АРАЙЛЫМ МҰХИТҚЫЗЫ, студент

e-mail: berdigali.arailym@narxoz.kz

НУРМУХАНБЕТОВА ДИНАРА ЕРИКОВНА, т.ғ. к., профессор

e-mail: dinara.nurmukhanbetova@narxoz.kz

Нархоз университеті

Аңдатпа. Бұл зерттеу Қазақстан жастарының цифрлық хабардарлығын және олардың жаңа технологияларға деген көзқарасын талдайды. Сапалық және сандық әдістері қолданыла отырып, жастардың виртуалды шындықты, жасанды интеллектті, интерактивті қосымшаларды белсенді қабылдайтынын көрсетті. Цифрлық сауаттылық деңгейі туристік бағыттарды таңдауға айтарлықтай әсер етеді. Сауаттылықты арттыру үшін білім беру үдерісіне осы бағыттағы оқытуды енгізу ұсынылады.

Кілт сөздер: Инновация, туризм, цифрлық сауаттылық, киберқауіпсіздік, жекелендіру, білім беру бағдарламалары.

Аннотация: Анализ цифровой грамотности молодежи в Казахстане показал активное использование новейших технологий, таких как виртуальная реальность и искусственный интеллект. С помощью качественных и количественных методов выявлено, что уровень цифровой осведомленности сильно влияет на выбор туристических маршрутов. Для улучшения грамотности предлагается внедрить обучение в этой области в образовательный процесс.

Ключевые слова: Инновации, туризм, цифровая грамотность, кибербезопасность, персонализация, образовательные программы.

Annotation: This research examines the digital awareness of Kazakhstani youth and their stance on emerging technologies. Findings reveal youth's enthusiasm for virtual reality, artificial intelligence, and interactive apps. The study emphasizes the influence of digital literacy on travel preferences, suggesting integrating digital literacy training into education for enhancement.

Keywords: Innovation, Tourism, digital literacy, cybersecurity, personalization, educational programs.

Кіріспе

Қазіргі таңда цифрлық технологиялар қарқынды даму үстінде. Цифрлық технологиялардың өміріміздің түрлі салаларына еңіп, түрлі өзгерістер мен жаңа тенденциялар алып келуде. Соның ішінде, туризм саласы да цифрлық инновациялар нәтижесінде өзгерістерді бастан кешіп жатыр. Бұл өз кезегінде біздегі нарық субъектілерінің жаңа тенденцияларға бейімделуін қажет етеді. Ал бұл жағдайда жастардың рөлі айырықша маңызды. Туризм саласының негізгі аудиториясы ретінде жастар цифрлық ғасырда өскен жас ұрпақ қазіргі технологияларды белсенді түрде пайдаланады және жаңа туризм трендтерінің дамуына әсер етеді деп толық қанды айта аламыз. Жастар - жаңа тәжірибе іздейтін ең белсенді туристер. Сонымен қатар, жастар туризмнің өзге бағыттарын ілгерілетуде қозғаушы күш бола алады [1].

Бұл зерттеу жұмысымыздың мақсаты жастардың туристік процестердің цифрлық трансформациясына әсерін анықтау, Қазақстандағы жастардың цифрлық хабардарлығын зерттеу, жастардың жалпы цифрлық технологияларға деген ойын анықтау және жастардың цифрлық технологияларды пайдалануды одан әрі ілгерілету бойынша ұсыныстар беру болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін біз бірнеше міндеттерді анықтадық:

1. Туризм мен цифрлық технологиялардың қазіргі даму тенденцияларын зерттеу, негізгі өзгерістер мен проблемаларды анықтау.

2. Туристік процестерді цифрлық трансформациялау процесінде жастардың рөлін анықтау, олардың цифрлық инновацияларды қолданудан қажеттіліктері мен олардың не күтетінін анықтау.

3. Жастардың туризмдегі цифрлық технологияларға қатынасын, онлайн қызметтер мен қосымшаларды пайдалану тәжірибесін зерттеу, сонымен қатар, олардың жаңа цифрлық шешімдерге дайындығын бағалау үшін сауалнама жүргізу.

Біз бұл тақырыпты өзекті деп санаймыз, себебі ұсынысты әзірлеу үшін біз әуелі сұранысты анықтап алуымыз қажет. Ал сұраныс – тікелей жаңа тенденциялар мен трендерге тәуелді. Жастар өз кезегінде инновациялардың қозғаушы күші болып табылады, сервистерді жаңғыртуға және тұтынушылармен өзара қарым қатынастың жаңа форматтарын жасауға ықпал етеді. Жастардың қажеттіліктері мен қалауларын түсіну ұйымдарға нарықтың өзгеретін талаптарына тиімді бейімделуге көмектеседі деген пікірдеміз. Сонымен қатар, көтеріліп отырған мәселе қаншалықты маңызды болғанымен, Қазақстанда дәл осы тақырып әлі зерттелмегенін атап өткеніміз жөн.

Зерттеу гипотезасы - жастардың цифрлық сауаттылық деңгейі олардың туристік бағыттар мен қызметтерді таңдаудағы қалауына әсер етеді.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін біз статистикалық деректерді, әдеби дереккөздерді талдауды, сонымен қатар, жастар арасында сауалнама жүргізуді қамтитын зерттеудің аралас әдісін қолдануды жөн көрдік. Сауалнама Туризмдегі цифрлық инновацияларға қатысты жастардың пікірлері мен қалауларын анықтауға бағытталған құрылымдық сұрақтарға негізделген. Ондағы алынған мәліметтер жалпы тенденцияларды анықтауға және қорытындыларды қалыптастыру үшін талданылатын болады.

Методология. Мәндес зерттеу Италияда жасалынған. Мақалада қазіргі жастардың туристік тәжірибесі, қажеттіліктері мен күтілетін тенденциялары секілді бірқатар инновациялық сұрақтар қарастырылған. Авторлардың зерттеулері бойынша, бұл жағдайда өскелең ұрпақ белгілі саяхат жолдарын ілгерілету, құру және оңтайландыру үшін жаңа цифрлық технологиялар мен коммуникациялардың күшін пайдаланады. Ақпараттық қоғамның пайда болуы келушілердің сұранысына үлкен әсер етіп, оны ұтқырлық пен даралыққа итермеледі - бұл болашақта одан да маңызды бола түсетін туризм әлеуметтануы үшін маңызды салдары бар құбылыс. Сонымен қатар, авторлардың пікірінше, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жас туристердің туристік индустрияның жетекші ойыншыларына айналдырды [2].

Қойылып отырған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін, зерттеу әдістемесі ретінде сапалық және сандық әдістерді біріктіретін тәсілді қолдануды жөн көрдік. Сапалық әдіс ретінде осы тақырыптағы зерттеулерді талдау, статистикалық көрсеткіштерге жүгіну көзделінді. Сандық әдіс арқылы жалпы қазақстандық туристердің портретін анықтау үшін онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама әдісімен Google Формада 18 пен 35 жас аралығындағы 102 адамнан сауалнама алынды. Зерттеу құралы туризмде цифрлық технологияларды қолдану тәжірибесі, цифрлық инновациялардың артықшылықтары мен күтулері туралы сұрақтарды қамтитын құрылымдық сауалнама болады.


Нәтижелер. Сауалнамадан өткен респонденттер жынысы бойынша ер адамдар көрсеткіші 49%, әйел адамдар көрсеткіші 51%-ы құрады.

Жас көрсеткіші бойынша сауалнамадан өткен респонденттердің 52%-ы 18-23 жас аралағындағы жастар, 33,3%-ы 24-29 жас аралығында, 14,7%-ы 30-35 жас аралығындағы жастарды құрады. Респонденттердің айналысатын қызмет түріне келетін болсақ, онда жастардың басым көпшілігі студент, қалған бөлігі кәсіпкерден бастап ғылыми қызметкерлерге дейін сан-түрлі қызмет түрлерімен айналысады екен.

Какие онлайн-платформы или приложения вы предпочитаете для планирования своих поездок?

(Сапарларыңызды жоспарлау үшін қандай онлайн платформаларды немесе қолданбаларды қалайсыз?)

102 ответа



Какую роль играют отзывы и рейтинги других путешественников при выборе отеля или места для посещения?

(Қонақ үйді немесе баратын орынды таңдағанда басқа саяхатшылардың пікірлері мен рейтингтері қандай рөл атқарады?)

102 ответа



Сапарларды жоспарлау үшін жастарың басым бөлігі, яғни 38,2%-ы Kaspi.kz платформасын, 28,4%-ы Booking.com платформасын, 17,6%-ы TripAdvisor платформасын қолданады екен. Қалған бөлігі Airhub платформасын, HT секілді турагенттіктерді қолдануды жөн көреді.

Сауалнама бойынша, респонденттердің жартысынан көбі қонақ үй немесе баратын орын таңдаған кезде өзге саяхатшылардың пікірлері мен рейтингтерін зерделейді. Сәйкесінше, жастар жоғары рейтингі немесе жақсы пікірлері бар орындарға баруға бейім.

Считаете ли вы, что цифровые технологии улучшают процесс путешествия?

(Сандық технология саяхат процесін жақсартады деп ойлайсыз ба?)

102 ответа



Готовы ли вы использовать цифровые технологии для упрощения туристских формальностей, таких как бронирование отелей или билетов?

(Қонақ үйлерді немесе билеттерді брондау сияқты туристік формальдылықты жеңілдету үшін цифрлық технологияны пайдалануға дайынсыз ба?)

102 ответа



Респонденттердің басым көпшілігі «сандық технология саяхат процесін жақсартады» деген оймен келіседі. Әйтсе де, 22,5%-ы дәстүрлі тәсілдердің қолданылғаны қалайды. Біздің зерттеулеріміз бойынша, дәстүрлі тәсілдерді таңдауға 30-35 жас аралығындағы респонденттер бейім. Сонымен қатар, басым бөлігі қонақ үйді және билеттерді брондау сияқты туристік формальдықты жеңілдету үшін цифрлық технологияларды қолдануға дайын. Дегенмен, 19,6%-ы брондау кезінде оператормен сөйлескенді жөн көреді екен. Бұл көбіне адамның жеке ішкі мотивациясы тәуелді, алайда, дәстүрлі тәсілдерді таңдауға көбіне 24-29, 30-35 жас аралығындағы респонденттер бейім.

Респонденттердің 49%-ын сапарды жекелендіру үшін жасанды интеллектті пайдалану қызықтырады. Ал, 25,5%-дан виртуалды турлар және байланыссыз төлемдер жасау мен тіркеу қызықтырады екен. Бұл дегеніміз жастардың біраз бөлігін жекешеліндірген туристік қызметтер қызықтыратын тенденцияны байқаймыз.


Туризмдегі жаңа цифрлық технологияларды енгізу кезінде 41,2%-ы халықтың барлық топтары үшін қолжетімсіз, 38,2%-ы киберқауіпсіздіктің жеткіліксіздігін атап өтсе, 20,6%-ы пайдаланушылардың жаңа технологиялардың оқытудың болмауын белгіледі.

Какие препятствия могут возникнуть при внедрении новых цифровых технологий в туризме?

Копировать

(Туризмге жаңа цифрлық технологияларды енгізу кезінде қандай кедергілер туындауы мүмкін?)

102 ответа




- Недостаточная кибербезопасность (Киберқауіпсіздік жеткіліксіз)
- Недостаточность для всех слоев населения (Халықтың барлық топтары үшін қолжетімсіздік)
- Отсутствие обучения пользователей новым технологиям (Пайдаланушыларды жаңа технологияларға оқытудың болмауы)

Как вы оцениваете уровень цифровой грамотности среди молодежи в контексте туризма?

Копировать

(Туризм контекстінде жастар арасындағы цифрлық сауаттылық деңгейін қалай бағалайсыз?)

102 ответа



- Высокий, молодежь хорошо разбирается в цифровых технологиях (Жоғары, жастар цифрлық технологияларды жақсы біледі)
- Средний, есть знание, но требуется дополнительное обучение (Орташа, білім бар, бірақ қосымша дайындық қажет)
- Низкий, молодежь нуждается в большем обучении (Төмен, жастарға көбірек білім қажет)

Біздің ойымызша, қамтылған үш аспектінің барлығы да өзекті және әрі қарай дамыту мен зерттеуді талап етеді.


Цифрлық технологияның сапасын жақсарту үшін жақсартуға немесе қосуға болатын нәрсе бар ма?
Жастарға қосымша білім беру
Білім беру жүйесін жетілдіру
Қауіпсіздік мәселесі
Оқыту жүйесін жақсарту, атап айтқанда IT саласы
Маған барлығы ұнайды
Техникалық ақаулардың аз болғанын қалаймын
Жеңілдетілген технология немесе цифрлық білімді арттыру керек
Виртуалды және толықтырылған шындық: виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын дамыту білім беру, ойын-сауық және туризм саласында жаңа мүмкіндіктер жасайды
Әрбір туристің қалауы мен қызығушылығына сәйкес жекелендірілген ұсыныстар мен ұсыныстарды ұсынатын цифрлық платформаларды әзірлеу және жақсарту.
Жақсырақ шифрлау, аутентификация әдістерін әзірлеу және кибершабуылдан қорғауды күшейту қауіпсіздікті айтарлықтай жақсарта алады.

Какие преимущества и недостатки вы видите в использовании цифровых технологий для путешествий?

Копировать

(Саяхаттау үшін цифрлық технологияны пайдаланудың қандай артықшылықтары мен кемшіліктері көресіз?)

102 ответа



Туризм контекстінде жастардың цифрлық сауаттылық деңгейін 45,1%-ы жоғары, 42,2%-ы орташа бағаласа, 12,7%-ы төмен бағалап, жастарға көбірек білім қажет екенін атап өтті. Қосымша ашық сұрақ ретінде «Цифрлық технологияның сапасын жақсарту үшін жақсартуға немесе қосуға болатын нәрсе бар ма?» деген сұрақ қойылған болатын. Респонденттер жауабын тізімдейтін болсақ:

Респонденттер цифрлық технологиялардың артықшылығы ретінде басым көпшілігі брондаудың ыңғайлылығы мен жылдамдығын, бағалар мен қызметтерді салыстыру мүмкіндігін атап өтті. Кемшіліктері ретінде техникалық ақаулар мүмкіндігін, деректер қауіпсіздігі қаупін тандаған болатын.


Сандық саяхат нұсқаулықтары мен қолданбалы пайдалануға респонденттердің басым көпшілігі бейтарап және жақсы қарайды екен. Саяхат кезінде жастардың 28,4%-ы мобильді навигациялық қосымшалар, 26,5%-ы қонақ үйлерді іздеу және брондау, 22,5%

Какие возможности цифровых технологий вы наиболее цените в контексте путешествий?

Копировать

(Саяхат контекстінде цифрлық технологияның қандай мүмкіндіктерін бағалайсыз?)

102 ответа




- Моментальное бронирование и оплата услуг (Жедел брондау және...)
- Персонализированные рекомендации и маршруты (Жекелендірілген ұсын...)
- Возможность делиться впечатлениями и фотографиями в с...
- Доступ к информации о местных достопримечательностях и культуре...
- Языковые приложения и переводчики
- Приложения, которые помогают нах...

Какие опасения у вас вызывает использование цифровых технологий во время путешествий?

Копировать

(Саяхат кезінде цифрлық технологияны пайдалану сізді қандай алаңдатады?)

102 ответа



- Риск утечки личной информации (Жеке ақпараттың ағып кету қаупі)
- Возможность мошенничества при онлайн-оплатах (Онлайн-телемдер...)
- Зависимость от технологий и потеря аутентичного опыта путешествия (Т...)
- Технические проблемы с устройств...
- Остаточное погружение в мобильные...
- Автоматическое использование ци...
- С увеличением использования онла...

онлайн карталар және GPS, 20,6%-ы ұсыныстар алу үшін әлеуметтік желілерді қолдануға бейім.

Саяхат контексінде цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін қарастыратын болсақ, респонденттердің 38,2%-ы жедел брондау және қызметтерге ақы төлеу, 31,4%-ы Жекелендірілген ұсыныстар мен маршруттарды, 21,6%-ы әлеуметтік желілерде әсерлермен және фотосуреттермен бөлісу мүмкіндіктерін бағалайды екен. Респонденттердің 34,3%-ын онлайн-төлемдер кезінде алаяқтық жасау мүмкіндігі, 31,4%-ын жеке ақпараттың таратылып кету қаупі, 20,6%-ын технологияға тәуелділік және шынайы саяхат тәжірибесін жоғалту, 10,8%-ын сапардағы құрылғылармен техникалық мәселелер секілді қауіптер алаңдатады.

Талқылау. Цифрлық трансформацияның Қазақстандағы туристік процеске әсері туралы жастар сауалнамасының нәтижелері жас туристердің талғамы, ойлары мен не күтетіні туралы маңызды түсінік береді. Респонденттердің көпшілігі демалысты жоспарлау үшін цифрлық платформаларды пайдаланатынын атап өту маңызды. TripAdvisor, Booking.com және Kaspi.kz секілді платформалардың жастар арасында жиі қолданылуы Қазақстан жастарының цифрлық хабардарлықтың айтарлықтай жоғары деңгейіне ие екендігін көрсетеді.

Жалпы, халық жастарының цифрлық сауаттылық деңгейі қазіргі ақпараттық қоғамда үлкен маңызға ие. Елдің цифрлық сауаттылық көрсеткіші оның азаматтарының күнделікті міндеттерге, жұмысқа, оқытуға және басқа мақсаттарға цифрлық технологияларды қолдануға қаншалықты дайын екендігін көрсетеді. Цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейі еңбек өнімділігін арттыруға, инновацияларды дамытуға, білім беру сапасын жақсартуға және көптеген ақпаратқа қол жеткізуге ықпал етеді. Статистикалық мәліметтерге тоқталатын болсақ, қазіргі таңда, халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі 88,3% құрайды. 2018 жылғы көрсеткішпен салыстра отырып, қазіргі таңда 11% өсім бар екенін анықтадық.



1-Кесте. Ескерту, кесте ҚР АӘК Ұлттық статистика бюросы мәліметтеріне негізделіп авторлармен құрастырылған [3]

Сауалнама нәтижесі бойынша, басқа саяхатшылардың рейтингтері мен шолулары, туристік сайттардағы пікірлер жас туристер арасында құнды ақпарат бола отырып, қайда бару керектігін шешудің маңызды элементтері болып табылады. Бұл сонымен қатар, саяхатты таңдауда нақты ақпарат пен кері байланыс барған сайын маңызды бола түсетінін білдіреді. Біздің зерттеуіміз бойынша, Booking.com, TripAdvisor платформаларына жастар тек қана пікірлерді оқып қана қоймай, белсенді пікір қалдырушылар болып табылады. Бұл дегеніміз, жастар туроператорлар ұсынатын мәліметтен гөрі сенімді ақпаратты өздері ұсыну арқылы туристік сектордың бір ажырамас бөлігіне айналуға.

Біздің ойымызша, зерттеу нәтижелерінің практикалық салдары бар, өйткені туристік индустрия бұл білімді жастардың мүдделері мен талаптарын ескеретін неғұрлым мақсатты және қауіпсіз цифрлық шешімдерді әзірлеу үшін пайдалана алады. Білім беру, оқыту және қауіпсіздік жүйелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар жастарға цифрлық сауаттылықты дамытуға және жаңа технологияларды қолдануға деген сенімділікті арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, туристік компаниялар мен операторлар қызмет көрсету сапасын жақсарту

және маршруттарды жеке қалауларға бейімдеу үшін цифрлық технологияларды пайдалана алады. Жастардың цифрлық технологияларды туризмде қолдануын одан әрі зерттеу саладағы инновацияларды ынталандыруға, қызмет көрсету сапасын арттыруға және Қазақстан үшін тұрақты және бәсекеге қабілетті туристік ортаны құруға көмектесуі мүмкін деген пікірдеміз.

Қорытынды. Цифрлық трансформациядағы жастардың рөлін қарастыра отырып, туристік формальдылықтағы инновациялар қазіргі заманғы туристік секторды дамытуда шешуші рөл атқарады. Жастар туризм саласында жаңа технологиялар мен тәжірибелерді енгізуге ықпал ете отырып, Цифрлық трансформацияның өзегіне айналуда. Оның саяхатты жоспарлау процестеріне, мазмұнды құруға және цифрлық платформаларды пайдалануға белсенді қатысуы саланы дамытудың жаңа моделін анықтайды.

Жүргізілген зерттеуді қорыта келе, жастардың цифрлық хабардарлығы цифрлық технологиялар мен онлайн-ресурстарды пайдалану саласындағы жоғары білім деңгейін көрсетеді. Жастар саяхатты жоспарлау, тұрғын үй мен көлікті брондау, ойын-сауық орындары мен мейрамханаларды табу, әлеуметтік желілер арқылы басқа саяхатшылармен тәжірибе алмасу үшін интернетті белсенді пайдаланады.

Осылайша, біздің гипотезамызды растай отыра, жастардың цифрлық сауаттылық деңгейі туристік бағыттар мен қызметтерді таңдауда олардың қалауында маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келдік. Өйткені, цифрлық сауаттылығы жоғары жастар әртүрлі туристік бағыттар, қонақ үйлер, мейрамханалар, көрікті жерлер туралы кең ақпаратқа интернет және мобильді қосымшалар арқылы оңай қол жеткізе алады. Бұл оларға саяхат туралы шешім қабылдас бұрын егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Жастардың цифрлық сауаттылық деңгейі олардың саяхаттарды тиімді және саналы түрде жоспарлау және жүзеге асыру қабілетіне тікелей әсер етеді, бұл өз кезегінде туристік бағыттар мен қызметтерді таңдауда олардың қалауын қалыптастырады. Дәл осы қалыпты жоғары деңгейде ұстап, әрі қарай дамыту үшін, мемлекет тарапынан білім берудің барлық деңгейлерінде цифрлық сауаттылық және киберқауіпсіздік бойынша білім беру курстарын енгізу қажет деген пікірдеміз. Әсіресе, мектеп кезінен цифрлық сауаттылық пәнін енгізу қажет деген идеяны ұсынамыз. Сонымен қатар, киберқауіпсіздікті арттыру, пайдаланушылар үшін тәуекелдерді азайту үшін туристік саладағы деректерді қорғау және онлайн платформалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту қажет деген ойдамыз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жанибекова Ф. И. «Роль молодежного туристского кластера в устойчивом развитии туризма в Казахстане» // Молодые исследователи за устойчивое развитие, Сборник статей II Международного научно-исследовательского конкурса. - г. Петрозаводск, 2023. - 16 марта.

2. Salvatore Monaco Tourism and the new generations: emerging trends and social implications in Italy // Journal of Tourism Futures – 2018. - 4 июня.

3. Уровень цифровой грамотности населения.
<https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-it/dynamic-tables/>

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ДАМУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ТАБИҒИ-РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

РУСТЕМОВА САБИРА МУРАТОВНА, PhD докторант

E-mail: sabiruwa1986@mail.ru

ЖАКУПОВ АЛТЫНБЕК АМАНЖОЛОВИЧ, PhD доктор

E-mail: jakupov-alt@mail.ru

Аннотация. Туристік іс-әрекеттің қарқынды дамуына байланысты болашағы бар аймақтардың туристік әлеуетін анықтау жөніндегі мәселе өзекті болып отыр. Қазіргі кезде туристік іс-әрекет мәселелерін қарастыратын әдебиеттерде туристік әлеует ұғымы өте сирек қолданылады. Сонымен қоса, оның мәнін ғалымдар әртүрлі түрде қарастыратынын атап өту қажет. Экономикалық жүйе ретінде туристік әлеуеттің қасиеттері туралы бірыңғай көзқарас жоқ, сонымен қоса, оның топтамасы да жоқ. Осыған орай, туристік әлеуетті және онымен байланысты мәселелерді зерттеу өзекті болып отыр. Зерттеу нысаны Абай облысы мысалы ретінде келтірілді.

Түйін сөздер: туризм, аймақтық туризм, аумақтық-рекреациялық жүйе, әлеует, туристік әлеует.

Кіріспе

Бұл мәселені зерттеуге көптеген шетелдік авторлардың жұмыстары арналған, олардың ішінде Дроздов А.В., Эйтингон А.И., Сергеев Т.К., Гладкевич Г.И., Моралева Н.В., Брусокене Т.В., Голиков Д.П., Ледовских Е.Ю., Николаенко Т.В., Дорогунцов С.И. және басқалардың жұмыстары қызығушылық тудырады. Бірақ та, бұл еңбектерде көрсетілген әртүрлі көзқарастар ұғымдық деңгейде де, принципті тұрғыдан да үлкен даулы мәселелер тудырады және қарама-қайшылықтарды анықтайды.

Мақаланың ғылыми зерттеу мақсаты аймақтың туристік әлеуеті ұғымының мәнін анықтау болып табылады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттер шешіледі:

- экономикалық категория ретінде туристік әлеуетіне тән сипаттары анықталады;
- жалпы тұрғыдан келу жағынан туристік әлеуеттің топтамасы әзірленеді.

Аймақтың туристік әлеуетіне анықтама беру алдында, «әлеует» негізгі терминіне концептуалды тұрғыдан келуді талдау жөн.

«Әлеует» терминінің этимологиялық мәні жағынан «potentia» латын сөзінен шығады және шаруашылық тәжірибесінде еңбектің арқасында шындыққа айналуы мүмкін «жасырын мүмкіндіктер» дегенді білдіреді.

Экономикалық әдебиетте бұл термин кең мағынада қолданылуы мүмкін мүмкіндіктер, қолда бар күштер, қорлар, құралдар ретінде, немесе қандай да бір қатынастағы күштілік деңгейі, қандай да бір нәрсеге қажетті құралдар жиынтығы ретінде түсіндіріледі. А.Н.Азрилиянның «Үлкен экономикалық сөздікте» бұл терминді қандай да бір сферадағы қолда бар құралдардың, мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі [1].

Талқылаулар мен нәтижелер. Сонымен, «әлеует», «әлеуеттік» терминдері біреуде әлі де анықталмаған жасырын мүмкіндіктердің болуын немесе белгілі бір сферада әрекет ету қабілеттілігін білдіреді.

Әлеует туралы заманауи көзқарастарды үш бағытқа бөлуге болады. Бірінші көзқарас өкілдері (Д.Черников, С.Белова, Е.Фигурнов және басқалар) әлеует – бұл жүйенің қызмет ету немесе дамуы үшін қажетті әртүрлі ресурстардың жиынтығы деп бекітеді. Зерттелетін категорияны анықтай отырып, академик Абалкиннің Л.И. «әлеует» және «ресурстар» ұғымдарын қарама-қарсы қояға болмайды деген қағидасын ескеру қажет. Әлеует (экономикалық, өндірістік, туристік) – бұл жергілікті жерге және уақытқа байланыстырылған «ресурстардың жинақталған сипаттамасы». Әдебиетте «әлеует» ұғымы ресурстардың белгілі бір жиынтығы, ең алдымен, экономикалық. Архангельский В.М. әлеуетті белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу немесе міндеттерді шешуге жұмылдырылатын және қолда бар құралдар, қорлар, көздер, яғни нақты ресурстар жиынтығы деп түсінеді. Әлеуетті «ресурстық» түсінудің кез келген іс-әрекетті жоспарлау мен басқару үшін өте маңызы бар, бірақ оның ең маңызды сипаттарын ашпайды.

Екінші ресурстық тәсілді ұстанатын авторлардың тобы әлеуетті материалдық игіліктердің белгілі бір санын өндіруге қабілетті ресурстардың жиынтығы ретінде айтады, яғни ресурстардың өзара әрекеттерін ескереді.

Үшінші бағыттың ғалымдары әлеуетті экономикалық жүйенің ресурстар кешенінің алдына қойған міндеттерді орындауға қабілеті ретінде қарастырады. Олардың айтуынша, әлеует – бұл объектінің құрылымы мен функцияларының бірлігі жөніндегі тұтас көрініс, олардың өзара байланысын анықтау.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы әлі күнге дейін әлеует мәнінің экономикалық жағынан шектеулі келуі басым екенін көрсетеді. Біріншісі әлеуетті ресурстардың жиынтығы ретінде, екіншісі – шаруашылық жүйесінің өнімді өндіруге қабілеті ретінде, үшіншісі - өндірістік күштердің белгілі бір нәтижеге жетуге мүмкіндігі ретінде анықтайды Н.Т. Игнатенко мен В.П. Руденконың ұсынған ғылыми әдебиеттерде кездесетін «әлеует» ұғымының топтамасы қызықты болып табылады. 42% жағдайда «әлеует» терминінің мағыналық мәні табиғи жағдайлар мен ресурстардың (байлықтардың), мүмкіндіктердің, қорлардың, құралдардың, құндылықтардың жиынтығымен; 18% жағдайда елдің (аймақтың) өндірісінің, қорларының, байлығының, ресурстарының күштілігімен; 16% жағдайда белгілі бір нәтижеге жету үшін өндірістік күштердің қабілетімен көрініс береді.

Әлеует ұғымының мағынасы тек маңызды ғылыми мән ғана емес, тәжірибелік мән де береді, себебі оның мәні туралы ұғым оны бағалау, өлшеу және басқаруға келуді анықтайды.

Жоғарыда көрсетілгендер «аймақтың туристік әлеуеті» ұғымы үшін де дәл болып келеді.

А.В. Дроздов «туристік-рекреациялық әлеует» терминінің бұлыңғырлығы және оның түсіндірмесі мен қолданылуындағы елеулі алалықты өте әділетті атап өтеді. Туристік іс-әрекет мәселесін қозғайтын әдебиеттерде бұл ұғым өте сирек қолданылады [1].

Бұл терминнің объективті және субъективті түсіндірмесін бөліп көрсету жөн: біріншісі әлеуеті сипатталатын объектімен байланысты, екіншісі (рекреациялық, туристік т.с.с) әлеуеті қолданылатын мақсатты бағытымен, нақты міндеттерімен анықталады.

«Ландшафттың рекреациялық әлеуеті» терминіне «Ландшафттарды қорғау» түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Ландшафттың рекреациялық әлеуеті – бұл адам организміне жағымды әсер ететін және адамның жұмыс қабілеттілігін қайта қалпына келтірудің физикалық және психикалық факторларымен қамтамасыз етілетін табиғи және мәдени жағдайлар жиынтығы».

Әлеуеттің ресурстан тағы бір ерекшелігі нақты бір міндеттермен айтарлықтай анық байланыстылығында жатыр, бұл жерде ресурс та өзінің контекстінде қарастырылса да, бірақ нақты қолданушымен оның байланысы айтарлықтай анық емес. Мысалы, территорияны су ресурстарын туристер де, өнеркәсіп те, және ауылшаруашылығы да қолданады. Егер біз территорияның туристік әлеуеті туралы айтатын және сонымен қоса оның су компонентін бағалайтын болсақ, су қойманың немесе өзеннің туристік қолданылуы үшін тән қасиеттерін ғана көрсетеміз .

Сонымен, қандай да бір объектінің әлеуетін сипаттау, әдетте, бұл әлеуетті басқа объектінің әлеуетімен салыстыра бағалауды білдіреді.

Осылай, «туристік әлеует» ұғымы «туристік ресурс» ұғымынан кең ұғым болып келеді, кейбір мағынада жиынтық ұғым. Әлбетте, көрсетілген айырмашылықтарға қарамастан, бұл екі ұғымдарды айтарлықтай еркін деңгейде қолдануға болады, себебі контекст оның қандай мазмұны көрсетілгенін ұғуға мүмкіндік береді.

Кестеде «туристік әлеует» терминін ғалымдардың экономика және географиядағы түсіндірме эволюциясы (кесте 1).

Кесте 1. «Туристік әлеует» терминінің ғылыми мәнінің түсіндірме эволюциясы

Авторы	Анықтамасы
1	2
Николаенко Т.В.	Территорияның туристік (рекреациялық) әлеуетін қандай да бір территорияда туристік (рекреациялық) іс-әрекетті ұйымдастыруға арналған табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттардың барлық жиынтығы деп түсіндіреді. Территорияның туристік (рекреациялық) әлеуетін территорияда белгілі бір керемет, кем деген де, жергілікті тұрғындарға ғана қызықты емес объектілердің болуын түсіндіреді.
Кусков А.С., Лысикова О.В.	Территорияның туристік (рекреациялық) әлеуеті деп туристік (рекреациялық) ресурстардың болуымен анықталатын, туристердің іс жүзіндегі және шектік мүмкін саны арасындағы қатынасты атайды. Туристік (рекреациялық) әлеует – бұл территорияның табиғи және экологиялық теңдік жағдайын бұзбайтындай, туристердің (рекреанттардың) белгілі (шектеулі) санын қабылдай алу қабілеті.
Дорогунцов С.И., Хвесик М.А., Горбач Л.М., Пастушенко П.П.	Экономикалық туристік әлеует – бұл халықтың және мақсатты нарықтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында территория дамуының жиынтық ресурстарын пайдалану арқылы шаруашылық ету субъектілерінің және басқару органдарының территорияда туристік (рекреациялық) өнімді қалыптастыру қабілеті.
Дроздов А.В.	Туристік-рекреациялық әлеует – бұл белгілі бір территорияға (объектіге) үйретілген табиғи және қолдан жасалған құбылыстардың, сонымен қоса, туристік өнімді қалыптастыруға және турларды, экскурсияларды, бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жарамды жағдайлардың, мүмкіндіктердің және құралдардың жиынтығы.
Голиков Д.П.	Аймақтың туристік әлеуеті – бұл аймақтың территориясында бар туристік ресурстардың туристердің көңілін аударуға және саяхат кезінде олардың қажеттіліктерін максимальды толық қанағаттандыру қабілеті.
Брусокене Т.В.	Аймақтың туристік әлеуеті – бұл аймақта қолында бар және аймақтық туристік іс-әрекеттің міндеттерін шешу үшін жүзеге асырылатын барлық жасырын, жүзеге асырылмаған мүмкіндіктер (ресурстар).
Кусков А.С., Арсеньева Е.И., Феокистова Н.В.	Туристік әлеует – бұл белгілі бір территорияда туристік іс-әрекетті ұйымдастыруға арналған табиғи, мәдени-тарихи объектілер мен құбылыстардың, сонымен қоса, әлеуметтік-экономикалық және технологиялық алғышарттардың жиынтығы. Сонымен бірге, бұл іс-әрекет туризмнің негізгі қағидаларын сақтауға сөзсіз келуі тиіс.
Ақпарат көзі: Мәліметтер [2,45 б] негізінде құрылған авторлармен құрастырылған	

«Туристік әлеует» анықтамасын талдай отырып, ғалым географтар да, экономистер де негізінен екінші ресурстық концепцияны ұстанатындарына қорытынды жасауға болады.


Бұған сәйкес, әлеует – бұл белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті өзара байланысты ресурстардың жиынтығы. Жоғарыда жазылғандарды жинақтай отыра, «аймақтың туристік әлеуеті» терминіне келесідей анықтама беруді жөн санайды; аймақтың туристік әлеуеті – бұл туристік индустрия дамуы мен оның қызмет етуінен жағымды әлеуметтік-экономикалық нәтиже алуға және бұл аймақтың туристік тартымдылық деңгейін көтеруге мүмкіндіктерінің болуы; аймақтың туристік әлеуеті – бұл туристік іс-әрекетті ұйымдастыру мақсатында оның басқаруында болып табылатын ресурстардың жиынтығы.

Аймақтың туристік әлеуетін зерттеудегі негізгі мәселе оның барлық элементтерінің бір мезетте және жиынтықта қызмет етуінде болып келеді. Яғни туристік әлеует жүйе болып табылады, және күрделі әрі динамикалық жүйе, себебі, әлеуеттің бірыңғай тұтас жүйе ретінде жаңа сапалы жағдайға ауысуына септігін тигізе отырып, әлеуеттің жекелеген элементтерінің арасындағы өзара байланыстардың дәл өзі олардың қызмет етуінің шығу қасиеттері мен заңдылықтарын түрлендіреді.

Келтірілген ұстаным аймақтың туристік әлеуеті – бұл күрделі, ұйымдасқан, динамикалық жүйе екеніне негіз берді, ол бір-бірімен өзара байланыста және өзара әрекетте болып табылатын көптеген элементтерден қалыптасады және туристік өнімді құру мен ұсыну процесінде әртүрлі функцияларды орындайды.

Аймақтың туристік әлеуеті жүйе болып табылғандықтан, оған кез келген жүйеге тән мынадай қасиеттер тән: элементтердің тұтастылығы, эмердженттілігі және бөлінушілік.

Туристік әлеуетке өзіне ғана тән ерекше сипаттар тән (сурет 1).



Сурет 1. Аймақтың туристік әлеуетінің жүйелік сипаттамасы

Ескерту – Мәліметтер [2] негізінде алынды

Туристік әлеует мәселесіне арналған шетелдік және отандық әдебиеттерде әлеуеттің әртүрлі көптеген анықтамалары келтіріледі, бірақ әртүрлі белгілер бойынша жалпы топтамасы жоқ.

Әртүрлі белгілер бойынша туристік әлеуеттің келесідей жалпы топтамасы ұсынылады:

1. Бағалаудың агрегатталу деңгейі бойынша:

а) аймақтың жиынтық туристік әлеуеті – бұл туристік іс-әрекетті ұйымдастыру мақсатында оның басқаруында болып табылатын ресурстардың жиынтығы;

б) жеке туристік әлеует – бұл аймақтың жиынтық туристік әлеуетінің құрамдас бөлігі. Оған мыналар кіреді:

аймақтың экономикалық-туристік әлеуеті – бұл аймақтық деңгейде туристік өнімді ұдайы өндіру үшін қажетті аймақтың потенциалды жарамды күштері мен құралдары (материалдық, табиғи, еңбек және басқа ресурстары);

аймақтың әлеуметтік-туристік әлеуеті – бұл аймақтық туристік іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті аймақта бар әртүрлі әлеуметтік жағдайлардың жиынтығы. Ол рухани және моральды-психологиялық әлеуеттерден тұрады.

Рухани туристік әлеует – бұл туристердің қызығушылығын тартатын халықтың рухани қасиеттері.

Моральды-психологиялық туристік әлеует – бұл туризмге құбылыс ретінде және туристке субъект ретінде дұрыс қатынасқа аймақтың халқын тәрбиелеу процесін көрсететін қоғамда белгілі бір мерзімде қалыптасқан моральды-психологиялық жағдай.

2. Мазмұны бойынша:

а) экономикалық туристік әлеует – бұл халықтың және мақсатты нарықтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында территория дамуының жиынтық ресурстарын пайдалану арқылы шаруашылық ету субъектілерінің және басқару органдарының территорияда туристік (рекреациялық) өнімді қалыптастыру қабілеті.

б) техникалық туристік әлеует – бұл туристерді орналастыру құралдары қабылдай алатындай немесе жалпы белгілі бір аймақ сол территорияға рұқсат етілетін рекреациялық жүктемені ескере отырып, қолда бар табиғи ресурстарымен туристерді тарту мүмкіндіктеріне қатысты территорияның әлеуеті.

3. Жүзеге асыру мөлшеріне қарай:

а) нақты (қол жетілген) туристік әлеует (анықталған және тартылған);

б) стратегиялық туристік әлеует (анықталған, бірақ (даму векторы) тартылмаған).

4. Қалыптастыру көздері бойынша:

а) мүмкіндіктердің туристік әлеуеті – бұл аймақтың территориясында объективті қалыптасқан және аймақтық туристік өнімнің ұдайы өндірісіне септігін тигізетін мүмкіндіктердің жиынтығы.

б) қажеттіліктердің туристік әлеуеті – мүмкіндіктердің әлеуетін пайдалану деңгейін анықтайды; оның қайнар көзі қандай да бір түрдегі және сападағы туристік өнімге деген туристердің субъективті қажеттіліктері болып табылады.

5. Туристік объектіге немесе жергілікті жерге жүктеменің түрі бойынша:

а) жалпы туристік өткізу әлеуеті – бұл жергілікті ресурстарға айтарлықтай зиянын келтірмейтін, сапардан алатын әсерге кері әсер етпейтін және халықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелері пайда болмайтындай қандай да бір туристік объектінің шыдай алатын максимальды жүктемесі.

б) экологиялық туристік өткізу әлеуеті – бұл объектіге немесе жергілікті жерге бару деңгейі, туристердің өздерінің әрекеттері нәтижесінде, немесе туризмге қызмет көрсететін инфрақұрылымның қызмет ету себебінен оған жүктемеден артық бару экологиялық салдарларға әкеледі.

в) туристік әлеуметтік өткізу әлеуеті – бұл жүктемеден артық бару сапардан алатын әсерді нашарлатуға әкелетін туристік объектіге немесе жергілікті жерге бару деңгейі.

г) жергілікті туристік әлеуметтік өткізу әлеуеті – бұл жүктемеден артық бару жергілікті мәдениет үшін кері салдарларға және жергілікті халықтың туристермен өзара қатынасының нашарлауына әкелетін сол территорияға бару деңгейі.

д) инфрақұрылымдық туристік өткізу әлеуеті – бұл туристердің қажеттіліктерін (жолдың ұзақтылығы мен жиілігі, көліктің барлық түрлері бойынша саны, электрлендіру, сумен жабдықтау, канализациялау деңгейі, әртүрлі классты қонақүйлердегі номерлер саны және т.с.с.) қанағаттандыру қабілетін анықтайтын аймақтық инфрақұрылымның сандық сипаттамасы.

Аймақтың туристік әлеуеті Ұлан — байтақ елімізде әсем табиғатымен, тамаша ландшафтымен, туризм орталығы болуға сұранып тұрған жерлер өте көп. Қазақстанның

қай жерін алып қарасаңыз да көркіне көз тоймайтын, бір -бірінен өткен сұлу табиғатымен адамды еліктірер жерлер өте көп. Соның бірі- Абай облысы.

Мұнда Барлық-Арасан, Тарбағатай таулары, Қоңырәулие үңгірі өзінің емдік қасиеті бар, пайдалы суларымен, әдемі табиғатымен, керемет флора мен фаунасымен әйгілі. Сондықтан осы аймақта рекреация туризмін қалыптастыруға болар еді. Осындай табиғаты көрікті жерлерде емдеу-сауықтыру, демалыс үйлері салынады, сондықтан да мұндай жерлерді рекреациялық аудандар деп атайды. Рекреация (латын тілінен аударғанда қалпына келтір) деген мағына береді.

Рекреация-күш жинау, яғни, еңбек етіп шаршаған немесе денсаулығы нашарлаған адамдардың тынығып, ем қабылдап, күш-қуатын қалпына келтіру деген сөз [3].

Абай облысының туристік нысандары: Алакөл көлі, «Барлық Арасан» санаторийі, Абай Жидебай-Бөрілі мұражайы, Қоңыр әулие үңгірі, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу ескерткіші, Шошқалы көлі, Әулие кілті, Ұрызбай Ата, Баянбай Ата, сондай-ақ Елек Сазы тарихи қорғандары жатады.

Өлкемізде рекреациялық туризмнің дамуына қолайлы жақсы жерлер көптеп кездеседі. Оларға мына жерлер мысал бола алады. Бесқарағай ауданындағы Шошқалы көлінің шипалы балшығы, Арасан көлшігі, Жаңғызтөбе станциясындағы Қарамолда Баянбай ата, Абай ауданындағы Шаған өзенінің оң жағалауында орналасқан Қоңыр Әулие үңгіріндегі шипалы сулар, дертіне дауа іздеп барып басына түнейтін Ақсуат өңіріндегі қасиетті Әулие емші Ырғызбай ата, Аягөз ауданының Баршатас ауылының маңында орналасқан темірлі, сульфатты, магнийлі, минералды сулардың көзі — Әулиеқыз. Бұл судың да өзіндік емдік қасиеті бар.

Сонымен қоса тарихи – мәдени орындар да өте көп. Ұлылар мекені Жидебай өңірі, алаш арыстарының ізі қалған Семей қаласына жоғарыда айтқан қасиетті, киелі жерлерде болуға туристерді тартуға толық негіз бар.

Сөзім дәлелді болу үшін солардың бір – екеуіне тоқтала кетейін. Қазақ халқы «қасиетті», «кие» сөздеріне ерекше мән беріп, сол жерлерге барып тәуәп етіп отырғаны белгілі. Ондай жер Ақсуат өңіріндегі Ырғызбай Досқана ұлының басы. Ол кісі (1787 – 1850 ж.) өмір сүрген түрлі аурулардан азап шеккен адамдарды емдеп, XVIII ғасырдың II жартысы, XIX ғасырдың I жартысында Ресей, Алтай, Жетісу, Тарбағатай өңірлеріне есімі кеңінен танымал емші болған. Ырғыз ата бала жасынан емдік шөптерге үйір болып өскен. Ол кісі аурулардың тамырын ұстап, алақанына, тырнағына, бет – әлпетіне қарап аурудың түрін ажырата білген. Сонымен қоса көріпкелдік қасиеті де болған. «Бүгін алыстан бір ауру адам келеді» деп күні бұрын болжап біледі екен. Келген адамды құлан- таза жазылғанша тегін емдепті. Ауқатты адамдардың алмасына қоймай өтініп қалдырып кеткен дүниелерін жоқ- жітік, кедей адамдарға үлестіріп береді екен. Әулие атаның тірі кезіндегі мейірімі науқас адамдарға қандай болса, қазірдің өзінде оның аруағы талай адамдардың ауруынан сауығып кетуіне септігін тигізгендігі қалың көпшілікке мәлім [2].

Ырғызбай бабаның қасиетін таныған ел жиналып 1990 жылы ол кісінің басына бұл өңірде бұрын – соңды болып көрмеген күмбез орнатып, емделуге келгендер үшін қонақ үй салды. Жылдың қай мезгілінде болмасын Әулие атаның мазары басынан адам үзілмейді. Әулие атаның басында мұражай ашылған. Әулие ата мазарына келушілер сонда қойылған журналға қолтаңбаларын қалдырады. Олардың ішінде республикаға белгілі адамдар да бар.

Ал, Абай ауданындағы қасиетті Қоңыр Әулие үңгіріндегі шипалы су науқастанған адамдарға, сонымен бірге қазіргі қоғамдағы ауыр дерт – ішімдікке салынған адамдарға да шипасын тигізіп келеді. Кеңес Өкіметі тұсында тиым салынған, аллаһқа, дінге, емшілікке сенбеу салдарынан мұндай жерлер көп адамдарға белгісіз болды. Қазір «өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанған тұста» осындай қасиетті жерлерге көпшілік қауымға белгілі болып отыр.

Сонымен қоса келген туристерді ұялмай, мақтанып қарсы алатындай мәдени – тарихи жерлеріміз де жоқ емес. Ондай жер – Ұлы Абай елі, Абай ауданына ат басын бұрған қандай мейман болмасын ең алдымен Мұхтар Әуезовтің әйгілі « Абай жолы» эпопеясын қайыра оқығандай болады. Абай еліне ең алдымен аяқ басқанда Мұхтар Әуезовтің ата –

қонысы Бөрілі қыстауы көрінеді. Бөрілідегі Мұхтардың дүниеге келген, ата – анасы тұрған үй – бүгінде мұражайға айналған.

Ұлы Абайдың Жидебайдағы бұрынғы тұрған қыстауының Орнына салынған мұражай бар. Ұлы Абайдың 150 жылдық тойында салынған қыстаудан төменірек жазықтағы Абай мен Шәкәрімнің алып кесенесі асқақтығымен, айрықша архитектуралық шешімділігімен ерекше көзге түседі [4].

Өлкемізде 40 жыл сынақ алаңы болғаны белгілі, оның халық денсаулығына тигізген зардабы да белгілі. Қазір Семей өңірі ғана емес, Қазақстанның басқа аймақтарында да онкологиялық аурулар ұшырасып жатады. Онкологиялық ауруларға жылқы еті бірден – бір ем екен. Біздің аймақта жылқы шаруашылығын дамытып, болашақта жылқы сүтімен, етімен емдейтін шипажайлар ашуға болады, сөйтіп ішкі және сыртқы туризмді дамытуға негіз бар.

Семей өңірі бай тарихи орындарымен де келген қонақтарға қызықты болар еді. Көпестер тұрғызған ғимараттар, татар мешіттері қалаға келген әр адамның есінде ұзақ сақталады.

Өлкемізде орналасқан Барлық – Арасан шипажайымен де мақтана аламыз. Ол облысымыздың Үржар ауданындағы Жарбұлақ елді мекенінен шығысқа қарай 16 километр жерде, Арасан өзенінің Барлық тауынан, Алакөл ойысына шығар тұсынан табылған жер асты су көзі. Барлық – Арасан бұлағы негізінде 1963 жылдан бері бальнеологиялық емдеу орны жұмыс істейді. Онда тері, буын, ас қорыту, жүйке аурулары емделеді.

Алакөл көлінің де емдік қасиетінің маңызы зор. Алматы және Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан тұйық көл. Алакөл суында фтор мен бром көп. Жағалауында демалыс және емдеу мекемелері орналасқан [5].

Қорыта келгенде, Абай облысында «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, ұлы Абайдың кіндік қаны тамған Сырт Қасқабұлақ, Құнанбай баба әулеті жерленген Ақшоқы қорымы, Қоңыр әулие үңгірі және өзге де нысандар оразан зор әлеуетке ие. Жалпы Абай облысында туризм және өлкетану қызметі өте белсенді дамып, заман ағымына ілесуде. Бұл біріншіден, туристік жобаларды жүзеге асыруға мемлекет тарапынан белгілі бір инвестиция құйылып жатқандығымен байланысты. Облыстың инфрақұрылымы да дамып келеді, бұл өз кезегінде туристік және өлкетану қызметін ұйымдастырудағы байланыстырушы буын болып табылады. Айта кету керек, облыста табиғат ескерткіштері көп, олар келушілер арасында үлкен қызығушылық тудырады. Ал бұл ескерткіштерге адамдардың кіруі үшін жолдар салынып, жөнделуде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Садуов А.Ж. Управление развитием туризма в Казахстане: теория, методология, механизмы: автореф. докт. экон. наук: 08.00.05. – Караганда, 2010. – 36 б.
2. Рустемова С.М., Жакупов А.А. Абайский область: туризм как драйвер развития региона // Publisher.agency: Proceedings of the 5th International Scientific Conference «Theoretical Hypotheses and Empirical results». Oslo, Norway, 2023. P 171-175 URL: <https://ojs.publisher.agency/index.php/THIR/article/view/2663>
3. Жакупов А.А. Павлодар облысының аумақтық рекреациялық жүйесінің табиғи-ресурстық әлеуеті. Монография. Астана: 2019. – 232 б.
4. Рустемова С.М., Жакупов А.А. Абай облысының туристік әлеуеттік жағдайын талдау. Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысының экономикалық сериясы.- 2024. - № 1.
5. Галиакбаров Е.Э, Жакупов А.А. Экскурсиятану: оқу құралы. Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж» ЖК, 2020. 244 б.

ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

АСАН ДОСМАХАНБЕТ СЕЙДІНБЕКҰЛЫ, э.ғ.к., қауым. профессор

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

e-mail: asan.dosmahanbet@iuth.edu.kz

Түйін. Мақала туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз етумен байланысты мәселелер мен мүмкіндіктерді қарастыруға арналған. Автор тұрақты туризмнің алдында тұрған қиындықтарды қарастырады. Мақалада сонымен қатар мәселелерді шешу және туризмнің тұрақты дамуына қол жеткізуді қамтамасыз еуді ұсынған.

Кілт сөздер. тұрақты туризм, экономикалық фактор, экологиялық туризм.

Аннотация. Статья призвана рассмотреть вопросы и возможности, связанные с обеспечением устойчивого развития туризма. Автор рассматривает проблемы, стоящие перед устойчивым туризмом. В статье также предложено решение проблем и обеспечение устойчивого развития туризма.

Ключевые слова. устойчивый туризм, экономический фактор, экологический туризм.

Abstract. The article is intended to consider the issues and opportunities associated with ensuring the sustainable development of tourism. The author considers the challenges facing sustainable tourism. The article also suggested solving problems and ensuring sustainable development of tourism.

Keywords. sustainable tourism, economic factor, ecotourism.

Тұрақты туризм инклюзивті және тұрақты экономикалық өсуге, толық жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты еңбекке және гендерлік теңдікке ықпал етеді. Тұрақты туризмді дамыту арқылы тұрақты инфрақұрылым құруға, инклюзивті және тұрақты индустрияландыруды құруға және инновацияға ұмтылуға болады. Туризмнің тұрақты дамуы елдер арасындағы және елдер ішіндегі аймақтар арасындағы теңсіздікті азайтуға ықпалын тигізіп отыр. Қалалар мен қауымдастықтар инклюзивті, қауіпсіз, төзімді және экологиялық тұрақты болуы керек. Тұрақты туризм тұрақты тұтыну мен өндіріс үлгілеріне көшуді қамтамасыз етеді. Тұрақты туризм тұрақты даму үшін бейбіт және ашық қоғам құруда, Жаһандық серіктестік аясында және тұрақты даму үшін әртүрлі елдер өкілдерінің жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысын жандандыруда маңызды рөл атқарады.

Туризмнің тұрақты дамуы қазіргі туристер мен қабылдаушы аймақтардың қажеттіліктерін қанағаттандырады, сонымен бірге болашақ мүмкіндіктерін қорғайды және арттырады. Бұл мәдени тұтастықты, негізгі экологиялық процестерді, биологиялық әртүрлілікті және тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін сақтай отырып, экономикалық, әлеуметтік және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыратындай етіп барлық ресурстарды басқаруға әкеледі [1].

Тұрақты туризмнің дамуы үшін келесі маңызды мақсаттар бар. Бұл, ең алдымен, кедейшілікті барлық нысандарда кеңінен жою. Туризм - көптеген жұмыс орындарын құру үшін ең жақсы жағдайға ие болатын экономиканың санаулы секторларының бірі. Туризм экономиканың әртүрлі салаларымен, соның ішінде ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Ауыл шаруашылығын дамытудың және ауылдық туризмді дамытудың арқасында жаңа туристік бағыттарды құру арқылы аштық мәселесін шешуге, бірқатар елдерде планетадағы аштықты жоюға, тамақтануды жақсартуға және ұзартуға ықпал етуге болады.

Тұрақты туризм салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатын арттыру арқылы өмірді сақтауға үлкен әсер ететін фактор ретінде әрекет ете алады. Саяхатшылар салауатты өмір салтын насихаттайтын туризм түрлерін көбірек тандайды. Зейнеткерлердің саяхаттауға және әлемнің әртүрлі елдеріне қауіпсіз

саяхаттау мүмкіндігі барған сайын артып келеді. Адамдар экологиялық турлар мен экологиялық таза қонақүйлерді көбірек таңдайды.

Туризмнің тұрақты дамуы барлық мүдделі тараптардың мүдделерін және туристік ресурстарды ұтымды пайдалануды ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада даму мақсаттарын теңестіруді көздейді. Тұрақты туризм, өз кезегінде, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануды қарастырады, жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін қолдайды және ұзақ мерзімді перспективада экономикалық процестердің өміршеңдігін қамтамасыз етеді. Туризмдегі тұрақтылық концепциясы туризмнің экологиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық әсерлерінде оң тепе-теңдікке қол жеткізуді, сондай-ақ келушілер арасындағы оң қарым-қатынасты білдіреді.

Тұрақты туризм кеңірек ұғым, бұл бағыт тек экологиялық туризмді ғана емес, туризмнің экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға оң әсерін тигізетін және оның барлық жағымсыз әсерлері барынша азайтылған туризмнің барлық түрлерін қамтиды.

Жергілікті туризмнің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын жүзеге асыру, әдетте, мемлекет пен жергілікті билік органдарына жүктеледі, өйткені ол аймақтың жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, туризмді дамыту бағдарламаларын әзірледі, сондай-ақ айтарлықтай шығындарды талап етеді.

Туризм жалпы ішкі өнімге, жұмыспен қамтуға және валюталық түсімге елеулі үлес қосатын әлемдегі ең маңызды экономикалық секторлардың біріне айналды. Дегенмен, туризмнің қарқынды дамуы әртүрлі мәселелерге, соның ішінде қоршаған ортаның нашарлауына, жергілікті қауымдастықтарға теріс әсер етуіне және экономикалық тұрақсыздыққа әкелді. Осы сын-қатерлерге жауап ретінде келеңсіз әсерлерді азайту және туризмнен оң пайданы барынша арттыру тәсілі ретінде тұрақты туризмді дамытуға баса назар аударылуда.

Тұрақты туризмді дамытуға әсер ететін факторлардың ішінде экономикалық факторлар тобы ерекше орын алады. Бұл факторлар келесі суретте көрсетілген.




1- сурет. Тұрақты туризмге әсер етуші экономикалық факторлар

Туризм дамуының өсуі мен экономиканың жағдайы бір-бірімен байланысты. Экономикалық тұрғыдан елдің дамуы халықтың материалдық жағдайының деңгейін, бір-біріне тікелей әсер ететін және тікелей тәуелді болатын шаманы білдіреді. Экономиканың даму деңгейі жоғары елдер әлемдік нарықта басымдыққа және өз азаматтарының сапарлар саны мен турлар сатып алуы бойынша жетекші орынға ие.

Туристік әсердің негізгі бағыты экономика, сондықтан туризм елдердің экономикалық дамуының катализаторы болып табылады [2].

Нарықтық экономиканың қалыптасуы, жаһандану процестерінің дамуы және Қазақстанның әлемдік экономикалық кеңістікке қосылуға ұмтылуы жағдайында әлемдік экономиканың ең табысты секторы ретінде туризмді дамыту мемлекеттік деңгейде басымдық ретінде қарастыруда. Бұған, ең алдымен, бірегей табиғи-ресурстық әлеует пен бай мәдени мұра халықтың және облыстық бюджеттердің жұмыспен қамтылуы мен кірістерінің тұрақты өсуін қамтамасыз етуі, туризммен байланысты салалардың дамуын ынталандыруы, инвестициялардың тұрақты ағынын қалыптастыруға серпін беруі тиіс. Осыған байланысты бүгінде туризмді тұрақты дамыту мәселелері және осы дамудағы инвестицияның рөлі туралы белсенді талқылаулар жүріп жатыр. Алайда бұл саладағы жағдайға барлық мүдделі тараптарды қанағаттандыратын жалпы көзқарас пен іргелі баға жоқ. Себептер, біздің ойымызша, біріншіден, тұрақты туризмді дамытуды әртүрлі зерттеушілер әртүрлі түсінеді; екіншіден, инвестицияның рөлі туристерге қызмет көрсететін ең көп капиталды қажет ететін нысандар – қонақүйлерді салуға дейін төмендейді; үшіншіден, туризм секторы көбінесе туристерге тікелей қызмет көрсететін қарапайым нысандар жиынтығы ретінде ұсынылады. Ғалымдар мен практиктер арасында үшінші ұстанымға қатысты айтарлықтай айырмашылықтар болмаса, онда бірінші және екінші ұстанымдар тереңірек қарастыруды және түсінуді қажет етеді. Тұрақты туризмді дамытудың негізгі мәселелерінің толығырақ 2-суретте көрсетілген.



2 - сурет. Туризмді тұрақты дамыту мәселелерін жүйелеу

Тұрақты туризмнің экологиялық жағы ең алдымен ресурстарды – суды, электр энергиясын, азық-түлікті сауатты пайдалануды, сондай-ақ оларды пайдаланудың салдары – қалдықтарды өндіруді ескереді. Сондықтан тұрақты туризм осы көрсеткіштерге жергілікті әсерді азайтуды көздейді.

Тұрақты туризм жергілікті экономиканың дамуына оң әсерін тигізеді, экономикаға жергілікті зиян келтірмей, шағын кәсіпкерліктің дамуына, жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың жартысынан көбі тек туристік трафиктен табыс табатын жағдай жергілікті экономикаға қауіп төндіреді. Осылайша, 2020 жылы пандемияның салдары туриздегі жұмыспен қамтудың жоғары үлесіне байланысты адамдар жаппай жұмыссыз қалған аймақтарда ең ауыр болды.

Туристердің үлкен ағыны инфрақұрылымға, көлікке және қоршаған ортаға, әсіресе қалалардағы жүктеменің артуына байланысты. Инфрақұрылым тезірек тозады және жөндеуді қажет етеді; жоғары көлік ағыны шу деңгейінің жоғарылауына және ауаның ластануына байланысты жергілікті тұрғындарға қолайсыздықтар тудырады.

Туризм секторындағы тұрақтылыққа қарай ілгерілеуді өлшеу үшін келесі көрсеткіштер әдетте пайдаланылу қажет:

- қызмет көрсетілетін аумақтың бір шаршы метріне электр энергиясының шығыны киловатт-сағатпен;
- тұщы суды тұтыну бір адамға бір түнде литрмен немесе текше метрмен;
- қалдықтардың түзілуі (тәулігіне бір қонаққа кг және/немесе литр).

Бәсекелестермен салыстырғанда өнімділікті салыстыра отырып, компаниялар тұрақты дамумен айналысады, сонымен бірге ішкі жақсартулардан айтарлықтай экономикалық пайда алады. Осылайша, тұрақты туризм ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруды, деректерге сүйенуді және тек экологиялық білім беруді ғана емес, прогресті бақылауды қамтиды.

Тұрақтылық түсінігінің әртүрлі түсіндірмелерін ескере отырып, талданатын құбылыстың күрделілігіне баса назар аударып, біз өз түсінігімізді береміз. Біздің көзқарасымыз бойынша туризмнің тұрақты дамуы деп шектелген ресурстарды ұтымды пайдалану жағдайында туристердің өздері белгілейтін динамикалық өзгеретін туристік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған аумақтық ортада болып жатқан процесс деп түсіну керек.

Басқа экономикалық секторлар сияқты туризм де ресурстарды тұтынады және қалдықтарды тудырады, экологиялық, мәдени және әлеуметтік шығындар мен пайда әкеледі. Туризм секторында тұрақты тұтыну және өндіріс үлгілерін қамтамасыз ету үшін натуралды жоспарлау, әсерді бағалау және ақпарат алмасу, білім беру салаларында экономикалық және реттеу шараларын жүзеге асыру сияқты салаларда ұлттық саясатты әзірлеу әлеуетін күшейту қажет.

Қазіргі уақытта тұрақты даму моделі әлі де тек тұжырымдамалық және теориялық деңгейде бар және дүниетанымдық және саяси декларацияны білдіреді. Әлемдік деңгейде де, ұлттық немесе жергілікті деңгейде де тұрақты даму стратегиясын қалыптастыру күрделі процесс болып табылады, өйткені стратегиялық мақсаттар табиғи ресурстарды пайдалануды шектеу бағытын өзгерту, қоршаған ортаны қорғау талаптарының басымдылығына байланысты. Қоғам өмірі билік құрылымдарындағылардың саясатына, тактикасына және нақты мінез-құлқына қайшы келеді, олар кейбір жағдайларда ағымдағы мүдделерді немесе пайдаларды стратегиялық мүдделерден жоғары қояды.

Мысалы, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары аймақтардың үлкен және кіші туристік ағындары болуы мүмкін екендігіне назар аударылады. Оның басты себебі – аймақтың (экономикалық даму арқылы халықтың өмір сүру деңгейін арттыру) және туризмнің (адамның рухани және дене күшін қалпына келтіру және дамыту) мақсаттарының айырмашылығы.

Туризмнің тұрақты дамуына қол жеткізу туристік қызметтерді тұтынушылар үшін де, жергілікті халық үшін де жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесін қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл артықшылықтар келесідей:

- белгілі бір аумақта әл-ауқат деңгейін арттыру, өмір сүрудің әлеуметтік жағдайын жақсарту сияқты көрсеткіштердің жиынтығымен анықталатын жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсарту;
- мәдени-тарихи мұраны туристер үшін тартымды ететін интеллектуалдық маңызын күшейту;
- қоршаған ортаның қанағаттанарлық сапасын сақтауға қамқорлық;
- туристерге қызмет көрсетумен айналысатын экономиканың барлық секторлары арасында кірістер мен шығындарды бөлудің әділ экономикалық механизмін қалыптастыру;
- жергілікті бюджетті толықтыру, өйткені туризмді дамыту саланың өзінде де, іргелес салаларда да жаңа жұмыс орындары мен кәсіпорындардың ашылуына ықпал етеді;
- аймақтық экономикаға, соның ішінде құрылысқа, ауыл шаруашылығына және т.б. инвестиция ағынын қамтамасыз ету;
- жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және туризмді дамыту саласындағы басқару шешімдерін әзірлеуге және қабылдауға жергілікті халықты тарту;
- туристік қызметтерге жергілікті сұранысты дамыту және жергілікті тұрғындар үшін демалыс орындарына қолжетімділікті ашу;
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін қолдау және дамыту, сирек кездесетін түрлер мен экожүйелерді қорғау;
- туристік тартымдылықтың жаңа объектілерін құру және т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1. Пирогова О.В., Пирогова А.Ю. Роль устойчивого туризма в мире // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 7-2.
2. Артемова, Е.Н. Экономика туризма: учебное пособие для высшего профессионального образования – Орел: ФГОУ ВПО «Государственный университет-УНПК», 2011 – 75 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИСТІК САЛАСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

АЙДАРБАЕВА АЙЗАДА САРСЕНБАЙҚЫЗЫ, магистр

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ
e-mail: aizada.aidarbayeva@yu.edu.kz

Түйін. Қазіргі уақытта туризм саласы орташа қарқынмен дамып жатыр, ұлттық ауқымда әлеуметтік-экономикалық әсері болмашы. Қазақстан Республикасына туристік ағындарды ұлғайту мақсатымен тосқауылдарды төмендету және саланы стратегиялық жоспарлау арқылы саланың әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау керек.

Қазақстан туризмінің статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыруда туристік инфрақұрылым нысандарының қызметінің көрсеткіштері маңызды рөл атқарады, олар: нысандардың саны, олар қызмет көрсеткен келушілердің саны, көрсетілген қызметтер көлемі. Сондай-ақ туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының көрсеткіштері сала ретінде туризмнің елдің ЖІӨ не үлесін есептеу кезінде маңызды.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының туристік саласын басқару жүйесі қарастырылады. Мақалада негізі қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері мен шетелде туризмді мемлекеттік қолдау, статистикалық есеп жүйесі талқыланады.

Кілт сөздер: туризм, туристік сала, басқару, жүйе, статистика, мемлекеттік қолдау, туристік ағын, инфрақұрылым, кәсіпкерлік, құқық.

Annotation. Currently, the tourism industry is developing at an average rate, and the socio-economic effect on a national scale is insignificant. In order to increase tourist flows to the Republic of Kazakhstan, it is necessary to create favorable conditions for the development of the industry's potential by reducing barriers and strategic planning of the industry.

An important role in the formation of indicators of tourism statistics in Kazakhstan is played by indicators of the activity of tourist infrastructure objects: the number of objects, the number of visitors served by them, the volume of services rendered. Also, indicators of tourism infrastructure enterprises are important when calculating the share of tourism in the country's GDP as an industry.

This article discusses the management system of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan.

The article deals with the issues of state support for business activities at the present time, state support for tourism abroad, and the system of statistical accounting.

Аннотация. В настоящее время отрасль туризма развивается средним темпом, социально-экономический эффект в национальном масштабе незначительный. С целью увеличения туристских потоков в Республику Казахстан необходимо создать благоприятные условия для развития потенциала отрасли путем снижения барьеров и стратегического планирования отрасли.

Важную роль в формировании показателей статистики туризма Казахстана играют показатели деятельности объектов туристской инфраструктуры: количество объектов, количество обслуженных ими посетителей, объем оказанных услуг. Также показатели предприятий туристской инфраструктуры важны при расчете доли туризма в ВВП страны как отрасли.

В данной статье рассматривается система управления туристской отраслью Республики Казахстан.

В статье рассматриваются вопросы государственной поддержки предпринимательской деятельности в настоящее время, государственная поддержка туризма за рубежом, система статистического учета.

Ключевые слова: туризм, туристическая отрасль, управление, система, государственная поддержка, туристический поток, инфраструктура, предпринимательство, право.

Кіріспе

Қазақстанда соңғы жиырма жылда туризм саласында мемлекет саясатының негізгі бағыттары айтарлықтай өзгерді: өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында туризм саласындағы саясат жүргізілмеді, ал 2000-шы жылдары оның көптеген мәселелерін шешуде көмек көрсетіле бастады.

Саланы дамытудың біріктірілген міндеті келесідей тұжырымдалған: 2023 жылға қарай елдің ЖІӨ құрылымында туризм саласы шамамен 8%-ды құрауы тиіс.

Ол үшін туристік саланы дамытуды мемлекеттік басқарудың келесі элементтері қалыптастырылды: «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, онда туристік қызметтің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздері анықталған; әлемдік туристік нарық жүйесіне кіріктірілген жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті туристік саланы құру бағдарлары Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында анықталған; Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары шеңберінде туризм қызметтің экспортқа бағытталған басым бағыттарының бірі ретінде анықталған; Туристік саланы дамыту жұмысына орталық және жергілікті атқарушы органдар, салалық және кәсіпкерлік қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар, сарапшылық қауымдастық қатыстырылған; ұлттық туристік брендті жылжыту және ішкі және кіру туризмі дамыту бойынша ұлттық компания құрылды.

2017 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы, жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті туристік саласын қалыптастыру үшін бірыңғай институционалды, әдіснамалық, ұйымдық негізді қалыптастырды.

Министрліктің құрамында туризмді дамыту бойынша, дамыған мемлекеттердің озық тәжірибесі бойынша жеке мекеме «KazakhTourism» ҰК» АҚ ұлттық кеңсесі құрылды, онда ұлттық туристік беделді арттыру және жылжыту бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі Астананың инфрақұрылымын және Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамыту бағдарламаларын қабылдады, электрондық визалар ендіріліп жатыр, шамамен 65 ел азаматтары үшін туристік мақсаттарда Қазақстанға визасыз кіру құқығы берілді, ҚХР мен Үндістан азаматтары үшін 72 сағаттық визасыз режим енгізілді.

Сонымен бірге, бүгінгі күні туризм индустриясы 30 астам салалармен жанасады, бұл салалар дербес әрекет етеді және туризмнің дамуына олардың қосқан үлестері жеткіліксіз. Осыған орай, туристік саланың қалыптасуына ең үлкен әсер ететін көптеген жанама салалардың қызметін шоғырландыру және қаржылық, адами, инфрақұрылымдық және институционалды ресурстардың ЖІӨ-де туризмнің үлесін ұлғайтуға үйлестірілуін қамтамасыз ету керек[1].

Нәтижелер және талқылау. Қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері ҚР Кәсіпкерлік кодексінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексі «Арнайы экономикалық Аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сияқты жеке заңнамалық актілер шеңберінде регламенттеледі.

